

САРАПТАМА



2023-2024

ШЫҰ КЕҢІСТІГІ

жаһандық сауданы дамытуға арналған Үлкен Еуразиялық белдеуге айнала ала ма?

6

АТОМ ЭНЕРГЕТИКАСЫ



ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ РЕФЕРЕНДУМ

«АЭС салудың тағдырын халық айтуы тиіс» деген шешім дұрыс болды

7

РУХАНИЯТ



«ЖОШЫ ХАННЫҢ» БӘСІ БАСЫМ

12

ӘКІМ

МАҢЫЗДЫ ЖОБАЛАР, БАСЫМ БАҒДАРЛАР

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев
Әуезов ауданының тұрғындарымен кездесті

Шаһар басшысы Ерболат Досаев Әуезов ауданының тұрғындарымен өткен есептік кездесуінде ауданның экономикалық-әлеуметтік әлеуетін саралап, алматылықтарды толғандырған сауалдарға жауап берді.

Кездесуді ашқан әкім Әуезов ауданында бизнес-ортаның белсенді дамып келе жатқанын атап өтті. Инвестициялар өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 11%-ға өсіп, 37,4 млрд теңгеге жеткен. Салық төлемдері 137 млрд теңгеге жетті, яғни 39%. Тек жарты жылдың ішінде 3 мыңнан астам жаңа тұрақты жұмыс орны ашылды.

Биыл аудан бюджеті 10 млрд теңгеге көбейген еді, ал 2023 жылы 26 млрд теңгеге ұлғайған болатын. 2024 жылғы маусымда бюджет тағы 25%-ға ұлғайып, 45 млрд теңгені құрады.

«Бюджет қаражаты инженерлік және жол инфрақұрылымын дамытуға, сондай-ақ қоғамдық кеңістіктерді жайластыру жөніндегі жобаларды іске асыруға бағытталады», – деді Алматы қаласының әкімі.

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №57 (6508) 19 шілде, жұма, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚҰЖАТ

Жасанды интеллектіні дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданды



(Дереккөз: Миджоурней).

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің биылғы ақпан айында өткен кеңейтілген отырысында жасанды интеллектіні дамыту тұжырымдамасын дайындау жөнінде тапсырма бергені белгілі.

Президент тапсырмасына орай күні кеше Үкімет отырысында экономиканың түрлі салаларына жасанды интеллект технологияларын енгізу үшін стратегиялық құжат қабылданды.

2



Инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту – басым міндет

Сумен жабдықтау және су бұру желілерінің құрылысы туралы айта келе, қала басшысы биыл тамыз айында ауданда 27 км сумен жабдықтау және 22 км су бұру желілерін салу бойынша ірі жобалардың бірі іске асырыла басталатынын айтты. Сонымен қатар, желілер 90-жылдары қалаға қосылған аумақтарда салынады. Бұл «Дубок», «Школьник» және «Мамыр» шағынаудандарының жеке секторы, Жандосов – Саин – Шаляпин көшелерінің және Қарғалы өзенінің алаңында. Мұнда бүгінгі күнге дейін «шаруашылық әдіс» деп аталатын стандарттарға сәйкес салынбаған құбырлар қолданылады. 2025 жылдың соңына жоспарланған жоба аяқталғаннан кейін ауданның 12 мың тұрғыны сапалы үздіксіз сумен және су бұрумен қамтамасыз етіледі.

4

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

19.07.2024

Түнде:  +20+22 °C
Көшпелі бұлтты, өткінші жаңбыр, найзағай.

Күндіз:  +30+32 °C
Көшпелі бұлтты, өткінші жаңбыр, найзағай.

 Желдің жылдамдығы: 3-8, найзағай кезінде екпіні 18 м/с

20.07.2024

Түнде:  +20+22 °C
Көшпелі бұлтты, өткінші жаңбыр, найзағай.

Күндіз:  +32+34 °C
Көшпелі бұлтты, өткінші жаңбыр, найзағай.

 Желдің жылдамдығы: 3-8, найзағай кезінде екпіні 18 м/с

www.almaty-akshamy.kz



● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚҰЖАТ

Жасанды интеллектіні дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданды



(Басы 1-бетте)

Бүгінгі таңда Қазақстанда 93 ақпараттық база қосылған Smart Data Ukimet-те мемлекеттік органдардың деректерін жинау бойынша шаралар кешені жүзеге асырылуда. Инфрақұрылымды дамыту шеңберінде елімізде суперкомпьютерді орналастыру, деректерді өңдеу орталықтарын салу, Ұлттық ЖИ платформасын құру және талшықты-оптикалық байланысты дамыту көзделген. Сонымен қатар, адами капиталдың өсуі үшін бірқатар білім беру және акселерациялық бағдарламаларды іске асыру жоспарланған.

- Экономистердің есептеулеріне сәйкес, жасанды интеллектіні қолдану 2030 жылға қарай жасанды ЖІӨ-ні 14%-ға арттыруы мүмкін.
- Қазіргі уақытта 17 жоғары оқу орны ЖИ бойынша 15 бағытты енгізді. Осы мамандықтар бойынша пәндерді 2196 студент оқиды.
- Жасанды интеллектті дамыту тұжырымдамасына сәйкес бес қазақстандық бірегей компания құру, 5 млн адамды жасанды интеллект дағдыларына үйрету, 500 мың салалық маман даярлау көзделген.

Премьер-министр жасанды интеллект құралдарын қолдану көптеген күнделікті міндеттерді автоматтандыруға мүмкіндік беретінін

қадап айтты. Атап айтқанда, бірқатар өндірістік процестер, денсаулық сақтау саласындағы тәуекелдерді және төтенше жағдай болжамдарын есептеп, әртүрлі қауіптер мен кибершабуылдарды анықтай алады.

Жиында жасанды интеллектіні енгізуге арналған экономиканың басым секторлары айқындалды. Үкімет басшысы Цифрлық даму министрлігіне әкімдіктермен бірлесіп, тұжырымдамадағы іс-шараларды жүзеге асыруға кірісуді тапсырды. Суперкомпьютердің есептеу қуатын пайдалану оны бизнес пен ғылыми ортада пайдалану мүмкіндігін қарастыру өте маңызды. Осыған байланысты Қаржы министрлігінің алдына ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым нысандарын жалға алу рәсімін жеңілдету міндеті қойылды. Ғылым министрлігіне жыл соңына дейін KazLLM үшін деректер жинауды аяқтау тапсырылды – бірінші үлкен тілдік моделді сынақтан өткізу ІІІ тоқсанда жүргізілуі тиіс. Ал Цифрлық даму министрлігіне Ғылым, Оқу-ағарту, Еңбек министрліктерімен бірлесіп білім алушы мамандардың, өңірлік құзырет орталықтары мен бағдарлама-лау мекемелерінің санын жыл сайын арттыру мақсатында бағдарламаны қалыптастыру міндеті бекітілді. Әділет министрлігіне жасанды интеллектіні қолдану саласын реттеу үшін заңнамалық базаны жетілдіру жөніндегі жұмысты күшейту тапсырылды.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Олжас БЕКТЕНОВ, ҚР Премьер-министрі:

ОТАНДЫҚ КОМПАНИЯЛАРДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ
БАРЫНША ЕСКЕРІЛУІ МАҢЫЗДЫ

2029 жылға қарай жасанды интеллектіні қолданып жасалған өнімдер саны 5 есеге өсуі тиіс. Осыған сәйкес, білім беру бағдарламаларының немесе жасанды интеллект бойынша пәндердің үлесі артуы керек. Бізге осы саладағы білікті мамандар қажет. Бұл ретте отандық компаниялардың

мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін барынша ескеру маңызды, бұл тұтастай экономикаға мультипликативтік әсер береді. National Center for AI базасында «жастарды тарту, адам капиталын дамыту және жасанды интеллект мәдениетін ілгерілету жөніндегі экожүйені» қалыптастыру қажет.

Саясат НҰРБЕК,
Ғылым және жоғары
білім министрі:ЗАМАНАУИ ҮЛКЕН ТІЛ
МОДЕЛІ ҚҰРЫЛУДА

Жұмыс үш негізгі бағыт бойынша жүрде. Ең алдымен, деректерді жинау үшін «Заманауи үлкен тіл моделін (KazLLM) құру» бағдарламасы бойынша консорциум құрылды. Сонымен қатар, KazLLM үшін деректер массивтерін консорциум және мемлекеттік органдармен бірлесіп толтыру үшін деректер «Smart Data Ukimet» (SDU) ақпараттық-талдау жүйесіне беріледі. Осы алты айдың ішінде 1 миллиардқа жуық арнайы сөз қолданысы тапсырылды.

Екінші үлкен бағыт ол әрине, кадр даярлау. Бүгінгі таңда 17 жоғары



оқу орны «Қолданбалы жасанды интеллект», «ЖИ және блокчейн инженериясы», «Кибернетика және ЖИ», «Медицинадағы ЖИ» және басқа да ЖИ бойынша 15 білім беру бағдарламасын енгізді. 2196 студент оқиды, оның ішінде 2091 бакалавр, 82 магистрант және 23 докторант оқытылу-

Жаслан МӘДИЕВ,
ҚР Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрі:

МАҚСАТ – ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЭКОЖҮЙЕСІН ҚҰРУ

Тұжырымдаманың негізгі мақсаты – жасанды интеллект экожүйесін құру, экономика және мемлекеттік басқару салаларында жасанды интеллект технологияларын енгізу. Озық әлемдік тәжірибе негізінде жасанды интеллект технологиясын дамыту мақсатында Мәжіліс депутаттарымен бірлесіп «Жасанды интеллект туралы» Заң жобасы әзірленді. Аталған Заң жобасы этикалық нормаларды қабылдауды, мемлекеттік реттеуді және қолдау шараларын, жасанды интеллект нысандарының жұмыс істеу құқықтық режимін, жіктеуін және стандарттауды көздейді.

Жалпы, азаматтар өмірінің әртүрлі салаларында жасанды интеллект тарату бағдарламасы пысықталып жатыр. Жыл сайын 10 мың талант, 1 мың жасанды интеллект маманы, 100 жасанды интеллект стартап және 10 ғылыми жоба дайындау жоспарланып отыр.

Жасанды интеллект саласындағы зерттеулерді дамытудың негізгі ба-

ғыттарының бірі – қазақ тілінде үлкен тілдік модель (KazLLM) әзірлеу. Бұл модель 100 млрд токенті негізделетін болады. Модельдің сапасын жақсарту үшін қазақ тіліндегі деректерді жинау өте маңызды. Осы мақсатта ұлттық деректер жинау науқаны Hugging Face платформасында жүргізіледі. Қазірдің өзінде ашық көздерден 54 млрд токен, оның ішінде 28 млрд токен қазақ тілінде және 26 млрд токен ағылшын тілінде жиналды. Сонымен қатар, мемлекеттік және квазимемлекеттік органдардан, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдар мен мұрағаттардан 90 терабайт дерек жиналды. KazLLM халықаралық компаниялармен бірлесіп әзірленеді. Аталған модель ашық көздерден алынған деректер негізінде 30–40 млрд токенті негізделеді. Жоба өтеусіз негізде жасалады. KazLLM-нің алғашқы нұсқасы осы жылдың желтоқсанында ұсынылады.

Қазақ тілінде жасанды интеллект дағдыларын оқыту және сапалы кон-



да. Осы жылдан бастап «Болашақ» бағдарламасының шеңберінде де ЖИ деген арнайы квота енгізіледі.

Үшінші бағыт – өзіміздің ЖОО негізінде кішігірім суперкомпьютерлер бағдарламасы енгізілді. Сәтбаев университетінде есептеу кластері әртүрлі салаларда күрделі есептеулер үшін пайдаланылады. Оны қазір дамытып жатырмыз. Астанадағы Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ негізінде 2015 жылы Үндістанның ұлттық компаниясы PARAM BILIM суперкомпьютерін қойған болатын. Алдағы бір айдың ішінде одан қуаты 100 есе ұлғайтылған Сингапурдың жабдығы келеді. Ең үлкен суперкомпьютер (1.94 PFLOPS қуаты бар) алдағы күзде жеткізіледі. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен ҚХР-дағы серіктестеріміз арасындағы келісім-шартқа қол қойылды.



тент жасау үшін ауқымды жасанды интеллект экожүйесін құру қажет. Экожүйені дамыту шеңберінде халықаралық компанияларда (Microsoft, Google, Booking және т.б.) жұмыс істейтін қазақстандық мамандардан жасанды интеллект ұлттық құрамасы құрылды. 2029 жылға дейін 5 млн адамды жасанды интеллект дағдыларына үйретуді, 500 мың салалық маман даярлауды, 5 қазақстандық бірегей мүйіздер құруды, IT-экспортты \$5 млрд-қа дейін ұлғайтуды, акселерация есебінен экономика секторларына жыл сайын кемінде 25 жасанды интеллект өнімдерін енгізуді жоспарлап отырмыз.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: primeminister.kz)

● ҚАРЖЫ

САЛЫҚТЫҚ МІНДЕТТЕМЕҢІЗДІ ҰМЫТПАҢЫЗ

Декларацияны тапсырудың соңғы мерзімі – 15 қыркүйек!

Елімізде жалпыға бірдей декларациялаудың үшінші кезеңі жүріп жатыр. 2024 жылдың 1 қаңтарынан заңды тұлғалардың басшылары, құрылтайшылары (қатысушылары) және дара кәсіпкерлер сондай-ақ олардың жұбайлары (зайыптары) болып табылатын барлық жеке тұлғалар активтер мен міндеттемелер туралы декларациясын (250.00-нысан) ұсына бастағаны белгілі. Бұл ретте бейрезиденттер, коммерциялық емес ұйымдарың құрылтайшылары (қатысушылары) және акционерлері декларацияны ұсынудан босатылған.

Биыл, яғни 2024 жылы Декларацияны 2,4 млн жеке тұлға табыстауы қажет. ҚР Қаржы министрлігінің мәліметтеріне сүйенсек, осы жыл басынан бері 1,1 млн жеке тұлға немесе декларанттардың жалпы санының 46%-ы декларация тапсырған екен. Оның ішінде Декларацияның 99,9%-ы электронды түрде, атап айтқанда

салық төлеушінің кабинетті (cabinet.salyk.kz), «Электронды үкімет» порталы (egov.kz) және «e-Salyq Azamat», «eGov mobile», Kaspi.kz, Halyk, Bcc.kz мобильді қосымшалары арқылы табысталған.

Заңды тұлғалардың басшылары, құрылтайшылары (қатысушылары) және дара кәсіпкерлер, сондай-ақ олардың жұбайлары



(зайыптары) үшін Декларацияны тапсырудың соңғы мерзімі – 15 қыркүйекке дейін.

Қаржы министрлігі салықтық міндеттемені уақытылы орындамау мәселесі туындамас үшін деклара-


● БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ

Декларация декларацияны табыстау жылының алдындағы жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы және (немесе) оның шегінен тыс жерлердегі активтер мен міндеттемелерінің бар-жоқтығын көрсетуге арналған.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: ortcom.kz)



САРАПТАМА



ЖАҢАНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР БӘСЕКЕСІ:

ТҰҢҒЫШ ТҰЖЫРЫМДАМА

Үкімет тарапынан жүйелі жұмыстар легі басталды

Бүгінгі таңда жасанды интеллектіге негізделген технологиялар қоғамның барлық саласына кірігуде. Жаһандық тәжірибеде жекелеген компаниялар арасында жасанды интеллект модельдерін дамыта түсу, мемлекет тарапынан қолдау көрсету, тек ақпараттық технологиялар саласына ғана емес, сонымен қатар экономиканың барлық саласына жасанды интеллектіге негізделген жүйені қалыптастыру үшін күн сайын бәсеке арта түсуде. Бұл тұрғыда, елімізде жасанды интеллектіге негізделген бірегей жүйе

қалыптастыру мақсатында Үкімет тарапынан жүйелі жұмыстар легі басталды. Апта басында, Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында елімізде ЖИ дамыту және цифрлық ортаны құқықтық реттеу мәселелері талқыланып, экономиканың түрлі салаларына жасанды интеллект технологияларын енгізу үшін стратегиялық құжат қабылданды. Мақаламызда аталмыш құжаттың мәні мен мазмұнына үңіліп көрсек.

Экономистердің зерттеу нәтижелеріне сәйкес, әлемде 2030 жылға қарай жасанды интеллектіні қолдану жаһандық ЖІӨ-ні 14%-ға арттырып, 70%-ға дейін қосымша экономикалық тиімділік береді. Бұл қосымша \$15,7 трлн-ға тең. Жасанды интеллектіге негізделген технологиялардың қоғам салаларына кірігуі аталмыш бағыттағы жұмыстарды автоматтандырып қана қоймай, сонымен бірге жаңа құндылықтар жүйесін қалыптастыруда. Халықаралық тәжірибеге үйілсек, Еуропалық Одақ өткен жылы жасанды интеллектінің қолдану аясын құқықтық тұрғыда реттеу бойынша заңнама қабылдаған болатын. Елімізде ақпараттық технологиялар саласының соңғы жылдардағы белсенді түрде үкімет тарапынан қолдау табуы, бүгінде жасанды интеллект технологияларын тиімді кіріктіруде оң нәтижесін беруде. Қазірдің өзінде елімізде 93 ақпараттық база қосылған Smart Data Ukimet-те мемлекеттік органдардың деректерін жинау бойынша шаралар кешені жүзеге асырылуда. Инфрақұрылымды дамыту шеңберінде елімізде суперкомпьютерді орналастыру, деректерді өңдеу орталықтарын салу, Ұлттық ЖИ платформасын құру және талшықты-оптикалық байланысты дамыту – деректерді жинау процесінің басты мақсаты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев инновациялық технологиялардың өндіріске, экономика саласына қолданысқа енуін үнемі қолдап келеді. Биыл 7 ақпанда Президент Жасанды интеллектіні дамыту жөніндегі тұжырымдама даярлау бойынша Үкіметке нақты тапсырма жүктеген болатын. Аталмыш тапсырма аясында енді «Жасанды интеллектіні дамытудың

2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» қабылданды. Жасанды интеллектіні енгізуге арналған экономиканың басым секторлары айқындалды. Мемлекеттік басқару, мұнай-газ, тау-кен өндіру, энергетика, көлік, логистика, сумен жабдықтау және ауыл шаруашылығы салаларындағы табиғи монополия субъектілері жасанды интеллектінің тиімді кіріктіруде ерекше мәнге ие басым бағытқа айналып отыр.

Тұжырымдама аясында 2029 жылға қарай жасанды интеллектіні қолданып жасалған өнімдер саны 5 есеге өсіру жоспарланған. Нәтижесінде білім беру бағдарламалары аясында жасанды интеллект бойынша пәндердің үлесі артады. Әрине, аталмыш тұжырымдама алғашқы бесжылдық бойына үкімет тарапынан жасалатын қадамдардың темірқазығы болады. Бірақ тұжырымдамада көрсетілген мақсаттардың сәтті жүзеге асуында сөзсіз білікті мамандар легі қажет екені айқын. Отандық компаниялар мен кәсіби мамандар даярлайтын білім беру ордалары жасанды интеллект технологияларын өндіріске қолданысқа ендіруде өз мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін барынша ескеруі маңызды. Себебі, ұзақ мерзімге алғанда, ұлттық экономикаға мультипликативтік әсер беретіндігін Үкімет басшысы ерекше назар аударып атап өтті. Бүгінде елімізде 17 жоғары оқу орны ЖИ бойынша 15 бағытты енгізіп, сала бойынша пәндерді 2196 студент оқиды. Болашақта отандық жоғары білім ордалары тек қазақстандық шәкірттерді ғана емес, сонымен қатар тұтас Еуразия даласында бірегей инновациялық жасанды интеллектіге негізделген кәсіби білім беру хабына айналуы

еліміз үшін стратегиялық міндет деп санаймыз. Қазірдің өзінде бұл салада жетістіктер баршылық. Мысалы, білім беру бағдарламалары шетелдік серіктес ЖОО-ларды тарта отырып әзірленген, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде Сеул ұлттық ғылым және технологиялар университетінің (Сеултех) Информатика және ЖИ мектебі ашылды. «Ақпараттық жүйелер», «Киберқауіпсіздік», «Есептеу техникасы және бағдарламалау», «Информатика» жаңа білім беру бағдарламалары бірлесіп енгізілді.

Жаһандық инновациялық прогресс ХХІ ғасырда ерекше жылдамдықпен көзге түсуде. Инновациялық технологияларды күнделікті тұрмыстық саладан бастап, өндіріске дейін тиімді кіріктіру, бәсекеге қабілетті маман даярлау ұзақ мерзімді стратегиялық саясаттың негізіне айналды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей тапсырмасы аясында, Үкімет тарапынан даярланып, қабылданған «Жасанды интеллектіні дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының» негізгі өзегі де осы. Бұл – елімізді жаһандық технологиялар бәсекесінде алдыңғы орындардан көрудің қамы деп түсінеміз.



Нұрболат НЫШАНБАЕВ, сарапшы.

Су тасқыны салдарын жою:

ЗАРДАП ШЕККЕН АЙМАҚТАРДАҒЫ ҮЙЛЕР

100% тексеріліп, бағаланды

Премьер-министр Олжас Бектенов су тасқынынан кейін тұрғын үйлер мен инфрақұрылымды қалпына келтіру мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Елімізде су тасқыны салдарынан қалпына келтіруге келмейтін барлық үйлер бойынша құрылыс және сатып алу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жалпы, тұрғын үйді қалпына келтіруді жеделдету үшін барлық шаралар қабылданған. Әкімдіктер қажетті қаржымен толық қамтамасыз етілді, барлық кемшіліктер жойылды, салынып жатқан үйлердің үлгілік жобалары бекітілді.

Премьер-министр әкімдерге әрбір нысанға адамдар мен техника жұмылдыруды тапсырып, Президент жүктеген міндеттерді орындау үшін шамамен 2,5 ай қалғанын еске салды. Бұл ретте спикер құрылыс нормаларын бұзуға жол бермеу керектігін талап етті: «Қалпына келтіру жұмыстарының қарқынын жеделдету қажет. Құрылыс материалдарын жеткізуге, еңбек ресурстары мен арнайы техниканы алаңдарда жұмылдыруға байланысты барлық мәселені жылдам шешу қажет. Кестеден кешігуге әкеліп соғатын барлық проблемалар туралы дереу орталыққа хабарлау керек. Қажет болса, біз ресурстарды қайта бөліп, техника мен адамдарды көбейтеміз. Барлық құрылыс нормалары мен қауіпсіздік талаптарының сақталуын қамтамасыз ету маңызды. Бұл мәселелер азаматтарды алаңдатпауы керек. Өңірлердің әкімдері үйлердің сапасына жеке жауап береді», – деп атап өткен Олжас Бектенов, Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне құрылыс жұмыстарының сапасын қатаң бақылауды тапсырды. Осыған орай, енді Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев, энергетика және көлік вице-министрлері жұмыс уақытының негізгі бөлігін барлық жұмыс аяқталғанға дейін өңірлерде, тікелей құрылыс алаңдарында өткізетін болады.

Үйлерді бағалау жұмыстары толық аяқталды



БІЗДІҢ АНЫҚТАМА

- Су тасқыны салдарынан барлығы 19 342 жылжымайтын мүлік (жалғыз баспана болып саналатын үйлер мен саяжайлар) зақымданды, оның 8578-і қалпына келтіруге жарамайды. Бүгінгі таңда 2578 үй құрылысы мен 6 мың жылжымайтын мүлік сатып алу жұмыстары жүргізілуде.
- Зардап шеккен аймақтардағы үйлер 100% тексеріліп, бағаланды.
- Бағалау қорытындысы бойынша 9243 үй жөндеуге жатады.
- Жалпы сомасы 44,1 млрд теңгеге 7505 отбасы тұрғын үйді жөндеуге және қалпына келтіруге өтемақы алды.
- 8578 нысан қалпына келтіруге жарамайды. Бүгінгі таңда 3921 отбасы қираған баспанасының орнына жаңа үй мен пәтер алды, 2578 жаңа үйдің құрылысы жүргізілуде.
- 33 820 отбасы 12,5 млрд теңгеден астам сомаға 100 АЕК мөлшерінде біржолғы төлем алды.
- Зардап шеккен тұрғындардың жоғалтқан аса қажетті заттарын сатып алу үшін 20 606 отбасына 9,4 млрд теңге 150 АЕК-ке дейінгі мөлшерде қосымша өтемақы төленді.
- Суға кеткен малдың өтеуі үшін берілген мемлекеттік көмек көлемі 2,8 млрд теңгеден асты.
- Зардап шеккен бизнеске келтірілген залалды өтеу бойынша өңірлік комиссиялар ШОБ субъектілерінің жалпы сомасы 1,5 млрд теңге болатын 178 өтінімін қарап, мақұлдады.
- Жергілікті жолдарды жөндеуге және реконструкциялауға Үкімет резервінен 22,7 млрд теңге бөлініп, зардап шеккен өңірлердегі мектептерді қалпына келтіруге 7,5 млрд теңге бағытталды.
- Барлық мектеп оқу жылы басталғанға дейін қалпына келтірілмек.
- СҚО-да 200, Павлодар облысында 5 жаңа үй құрылысы жедел жүргізілген, Қостанай облысында 22 үй тапсырылған.
- Жекелеген өңірлерде жұмыс кестесінен 15–25 күнге артта қалушылық бар. Атап айтқанда, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Ақмола және Атырау облыстарында құрылыс қарқыны төмен.

МАҢЫЗДЫ ЖОБАЛАР, БАСЫМ БАҒДАРЛАР

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев
Әуезов ауданының тұрғындарымен кездесті



(Басы 1-бетте)

Бұған қоса, биыл шілде айында «Ма-мыр-4» шағынауданында 750-ге жуық тұрғы-ны бар 197 үйді қамтитын 4,5 км сумен жаб-дықтау және 9,5 км су бұру желілерінің құрылысы басталды. Бұл жұмыстар 2025 жылдың қыркүйек айында аяқталады.

Қазан айында Саин көшесінде Жұбанов көшесінен Төле би көшесіне дейін және Төле би көшесінде Саин көшесінен Өтеген батыр көшесіне дейін 2,1 км су құбыры желілерін қайта жаңартуды аяқтау жоспарлануда.

Сондай-ақ, мегаполис басшысы тұрғын-дардың алдыңғы кездесулерде көтерген су-мен қамтамасыз ету мәселелерінің шешілгені туралы хабарлады. Мәселен, бүгінде Төле би және Ұлықбек көшелерінде Саин көшесінен Момышұлы көшесіне дейінгі учаскеде 5 км су құбырын салу жұмыстары аяқталды. Сон-дай-ақ, бұрынғы «Восход», «Садовод», «Ар-дагер» бау-бақша серіктестіктерінің 8 кө-шесінде 5,2 км сумен жабдықтау және су бұру желілерінің құрылысы бітті. Осы айдың соңына дейін оларды жалпықалалық желі-лерге енгізу бойынша жұмыстарды аяқтау жоспарлануда. Осылайша 117 жеке үйдің тұрғындары орталық сумен және кәрізбен қамтылады.

Айта кету керек, түзету енгізу кезінде 2017 жылы басталған «Достық» шағынауда-нында су құбыры мен кәріз құрылысы уақыт-ша тоқтатылды. Жобада су бұру бойынша 22 көше және сумен жабдықтау бойынша 3 көше қамтылмай қалған. Жұмыстар биыл тамыз айында Рабат, Виноградная және Дастан кө-шелерінде су құбыры желілерінің құрылысы жүргізіліп, желілер тартылған соң көше-лердің бүкіл ені бойынша жол жабыны қал-пына келтіріледі. Құрылысты аяқтау 2025 жылдың соңына дейін жоспарланған. Орталық коммуникациялармен 759 жеке үй қам-тылады, онда 3650 тұрғын тұрады.

Сонымен қатар, ауданда жылумен жаб-дықтау жүйесін жаңғырту жалғасуда. 30 жыл бұрын салынған Саин, Шаляпин көшелері мен Алтынсарин даңғылы бойындағы 6,5 км жылу желілері қайта жаңғыртылуда. Жұмыс-тар жыл соңына дейін аяқталады.

Алматы қаласының әкімі қала тұрғында-рына сапалы коммуналдық қызмет көрсету мақсатында инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту басым міндет екенін атап өтті.

100% сыртқы жарықпен қамтамасыз етіледі

Биыл 36 км электрмен жабдықтау желі-лері мен 79 трансформаторлық қосалқы станция, 5 тарату қосалқы станциясын жаң-ғырту аяқталады. Сондай-ақ, Момышұлы, Шаляпин мен Рысқұлбеков көшелерінде ұзындығы 7 км жаңа электр желілерінің құ-рылысы басталды.

Сыртқы сапалы жарық жүйесімен қамта-масыз ету бойынша жұмыс жалғасуда: жыл басынан бері 6,5 км кабель желілері мен 806 жарық нүктелері ауыстырылды. 2024 жыл-дың соңына дейін 310 жаңа жарықтандыру тіректерін орнату, 100 сыртқы жарықтанды-руды басқару орындарын жөндеу, 35,5 км ескі

кабель желілерін және 1700 ескі үлгідегі шамдарды жаңа жарықдиодты шамдарға ауыстыру жоспарда тұр.

«Ауданды сапалы сыртқы жарықтанды-румен толық қамту үшін осы жылдың наурыз айында сыртқы жарықтандыру желілерінің учаскесін салуға 81 жобалау-сметалық құ-жаттама әзірлеу басталды. Тамыз айында мемлекеттік сараптаманың қорытындысын алуды жоспарлап отырмыз. Бұл аталған жо-баларды іске асыру аудан аумағын 2025 жыл-дың соңына дейін 100% сыртқы жарықтан-дырумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді», – деп атап өтті Ерболат Досаев.

Жаңа серуендеу аймағы салынады

Ерболат Досаев аудан аумағындағы бос тұрған учаскеде «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында жаңа қоғамдық кеңістік са-лынатынын мәлімдеді.

Қабдолов көшесі бойымен Саин көшесі-нен Өтеген батыр көшесіне дейін жалпы ұзындығы 1,5 км жаңа жаяу-серуендеу айма-ғы пайда болмақ. Мұнда тротуар аймағы абаттандырылып, балалар мен спорт алаңына орындықтар мен урналар қойылады. Құры-лыс осы жылдың қазан айында аяқталады.

Әуезов ауданында «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында биыл жалпы сом-асы 2,8 млрд теңгеге 57 жоба іске асады. Атап айтқанда, 100-ден астам үйді қамтитын 10 қоғамдық кеңістік пен 47 аула аумағы жаб-дықталады.

Жалпы, биыл Алматыда «Халық қатыса-тын бюджет» жобасына 18,8 млрд теңге бөлінді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 5,8 млрд теңгеге артық. Қала тұрғындары аулаларын, қоғамдық кеңістіктерін абаттан-дырып, спорт пен ойын алаңын құру бойын-ша 364 жобаны ұсынуға және іске асыруға мүмкіндік алды.

Биыл 18 көше жөнделеді

Шаһар басшысы жол-көлік инфрақұры-лымын дамыту жұмыстары туралы да мәлі-мет берді. «Егер өткен жылы ауданның ұзын-дығы 11,4 км болатын 12 көшесіне орташа жөндеу жүргізілсе, биылғы жылы ұзындығы 13,3 км болатын 18 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп, Жандосов, Өтеген батыр, Серегин, Ақжайнақ, Пятницкий, Тру-довая көшелерінде жұмыстар басталды. Ағымдағы жөндеу аясында аудан әкімдігі бүгінгі таңда 30 мың шаршы метр жол төсе-мі мен тротуарларды қалпына келтірді, жыл соңына дейін тағы 17 мың шаршы метр қам-тылады», – деді мегаполис басшысы.

Сондай-ақ, ағымдағы жылдың қазан айында 5 жерүсті жаяу жүргіншілер өткеліне күрделі жөндеу жұмыстары аяқталады.

Жол-көлік инфрақұрылымын дамыту ая-сында, қоғамдық көлік жұмысының сапасын арттыру мақсатында 2024 жылы автобустар санын 343-тен 416 бірлікке дейін ұлғайта отырып, 21 маршрутқа жылжымалы құрам жаңартылды. Жалпы, Әуезов ауданына 85 маршрут қызмет көрсетеді, автобустардың желіге жоспарлы шығуы 1439 бірлікті құрай-ды, орташа аралығы 8-9 минут.

600 орынды жаңа мектеп ашылады

Аудан халқының өсімін ескере отырып, оқушы орындарының тапшылығын одан әрі төмендету үшін жаңа мектептер салу бойын-ша жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Мәселен, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында №97 мектептің апатты ғимаратын бұзу арқылы 600 орынды жаңасы салынды. Мек-тепті ашу жаңа оқу жылының басталуына жоспарлануда. «Сондай-ақ, №9 мектеп ғимара-тына күрделі жөндеу жүргізілуде. Нысанның дайындығы 90%, қалған жұмыстарды ескере отырып, мектепті осы жылдың тамыз айында пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз», – деді Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев.

Сонымен қатар, №72 мектептің ескі ғимаратын бұза отырып, жаңа ғимараттың құрылы-сына жобалық-сметалық құжаттама әзірлену-де, бұл жобалық қуаттылықты 380-ден 1200 орынға дейін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл жұмысты 2025 жылдың ІІ тоқсанында құры-лыс-монтаждау жұмыстарын бастап, 2026 жылдың І тоқсанында аяқтау көзделген. Бұған қоса, №42 мектепке 300 орынды қосымша ғимарат жобалануда. Жұмыстарды 2025 жыл-дың соңына дейін аяқтау жоспарлануда.

Жалпы, Әуезов ауданында 55 мектеп бар, оның ішінде 33 мемлекеттік және 22 жеке-меншік мектеп, оларда 59 мың оқушы оқиды. Бүгінгі таңда оқушы орындарының тапшы-лығы 5 мыңнан асады.

Биыл қазан айында 10-шы шағынауданда 160 орынды жаңа балабақша құрылысы баста-лады. Пайдалануға берудің жоспарланған мерзімі – 2025 жылдың ІІІ тоқсаны. Таугүл ауданында 2025 жылдың мамыр айында бала-бақшаның апаттық ғимаратының орнында 120 орынды жаңасының құрылысы басталмақ.

Мектепке дейінгі мекемелерде орын тап-шылығын одан әрі төмендету мақсатында «Алтын бесік» шағынауданында 120 орынды балабақша құрылысы жүргізілуде. Олар осы жылдың қараша-желтоқсан айында ашуды жоспарлап отыр. «Сонымен қатар, № 52 балабақша ғимаратын (Ақсай-2 ш/а, 51 үй) қайта жанарту жоспарлануда, мұнда жобалық қуаттылық 195-тен 320 орынға дейін ұлғая-ды. Жұмыс 2025 жылдың бірінші тоқсанында басталады», – деді қала басшысы.

Қазіргі таңда Әуезов ауданында 211 бала-бақша бар, оның ішінде 47 мемлекеттік және 164 жекеменшік балабақша бар, оларға 18 мың бала барады. Әуезов ауданы бойынша балабақшаларда орын тапшылығы 6 мыңнан асады.

Кездесу барысында тұрғындар өз-дерін алаңдатқан барлық сұраққа жауап алды. Қала басшысы туында-ған мәселелерді аудан әкіміне шешуді тапсырды. Сонымен қатар, Әуезов ауданының екі жарым жылдың ішінде қарқынды дамып жатқанын алға тартты. Алға қойған барлық жоспар-лардың орындалуына тұрғындармен бірге жететініне сенім білдірді.



Инвестициялар өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 11%-ға өсіп, 37,4 млрд теңгеге жетті.



Әуезов ауданының салық төлемдері 137 млрд теңгеге жетті, яғни 39%-ды құрады.



Ауданда 600 орынды жаңа мектеп ашылады.



«Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында биыл жалпы сомасы 2,8 млрд теңгеге 57 жоба іске асады.



Әуезов ауданында 120 аула жөндеуден өтеді.

Әзірлегендер Ернұр РЫСБАЙ, Гүлжанат СЕМБАЕВА.



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

КҮН ПАНЕЛІН ШЫҒАРАТЫН ЗАУЫТ

капсуласы салынды

Алматы қаласындағы «Алатау» инновациялық технологиялар паркі арнайы экономикалық аймағында күн панельдерін өндіру зауытының құрылыс капсуласын салтанатты түрде салу рәсімі өтті. Бұл маңызды оқиғаға Алматы қаласы Кәсіпкерлік басқармасы, Almaty Finance, Almaty Business Development Company, ғылым және білім беру ұйымдарының өкілдері және басқа да мүдделі ұйымдар мен мемлекеттік мекемелердің өкілдері қатысты.

Ернұр
РЫСБАЙ

бұл көрсеткішті 16%-ға дейін арттыру жоспарлануда.

Жылына 150 МВт қуатылығы бар күн панельдері зауыты заманауи жабдықтармен, соның ішінде күн панельдерін құрастыруға арналған автоматты желілермен, лазерлік плазмалық кескіштермен және автоматты дәнекерлеу машиналарымен жабдықталады. Бір күн панелінің қуаттылығы 585 Вт-тан басталады және олар «TGS-Solar» брендімен шығарылады. Зауыт аймақ экономикасының дамуына қосымша серпін

береді, 100-ден астам жаңа жұмыс орнын ашады, сондай-ақ қазақстандық құрамдас бөліктер мен материалдар өндірушілердің тізбегін қалыптастырады.

Күн панельдерін өндіру зауытының құрылысы Қазақстан Республикасы Президенті Қ.Тоқаевтың энергетикалық машина жасауды дамыту, 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу, 2029 жылға қарай Қазақстан Республикасының ЖІӨ-ін екі есеге арттыру және Қазақстан Республикасының экспорттық әлеуетін

күшейту жөніндегі тапсырмаларын орындауға жауап береді.

Қазақстанның күн энергетикасы қуатын арттыру үшін үлкен әлеуеті бар, соның ішінде келесі факторларға байланысты: КЭС құрылысын жүргізуге қолайлы алаңдардың болуы, қолайлы ауа райы жағдайлары, дамыған заңнамалық база және т.б. Жобалау және құрылыс жұмыстарына қазақстандық компаниялар – «Standard Level» ЖШС және «ADK Engineering Almaty» ЖШС тартылды, ал жабдықтарды жеткізуші ретінде Қытай компаниясы OOI TECH «Wuhan OOI Photoelectric Technology Co., Ltd. (LONGi)» таңдалды. Сондай-ақ, технологиялық серіктес ретінде бүкіл әлемге әйгілі Қытай компаниясы LONGi Green Energy Technology Co., Ltd. (LONGi) қатысады, ол күн технологиялары мен инновациялары саласындағы көшбасшы ретінде танымал. Жобаның қаржыландырылуы «ТехноГруппСервис» компаниялар тобының меншікті қаражаттары және мемлекеттік даму институттарын – «Almaty Finance» ЖШС, «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ, «ДАМУ» АҚ тарту арқылы жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта «ТехноГруппСервис» ЖШС ішкі құндылықты дамыту және отандық өндірушілерді қолдау бойынша «Атамекен» ҰКП және мемлекеттік органдармен белсенді жұмыс жүргізуде.

ТАЗАЛЫҚ

ҚОҚЫС ТАСТАУДЫҢ ДА ТӘРТІБІ БАР

Ескі жиһаздар мен құрылыс қалдықтарын қоқыс алаңдарында қалдыруға тыйым салынады

Алматыда бүгінгі таңда контейнерлік алаңдардың іргелес аумақтарында ірі көлемді қоқыстарды жинау өзекті мәселе болып отыр. Қатты-тұрмыстық қалдықты шығару тарифіне еңбейтін ірі габаритті қоқысты әрбір адам өзі шығаруға тиіс екендігін білсе де, алматылықтар құрылыс материалдары мен ескі жиһаздарын, істен шыққан тұрмыстық техникаларын қоқыс жәшігінің маңына тастауды әлі доғармай тұр. Тұрғындар жөндеу жұмыстарынан кейін құрылыс қалдықтарын да қоқыс жәшіктерінің жанына қалдыруды әдетке айналдырып барады. Мәселен, плиталар, ескі есік жақтаулары мен кенептер, кірпіштер және т.б. қалдықтар алаңның бітелуіне, сонымен қатар, қоқыстың шамадан тыс жиналуына әкеледі.



Үйде жөндеу жұмыстарын жүргізетін тұрғындар, сондай-ақ ірі көлемді қоқыстар пайда болған кезде мамандандырылған ұйымдарға хабарласып, ақылы техниканы шақыруы немесе қалдықтарды полигонға өз бетінше шығаруы қажет. Полигондар Алматы облысында, Іле ауданында және Карасай ауданында Айтей ауылында орналасқан.

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР Кодексінің 505-бабына сәйкес абаттандыру қағидаларын бұзу жеке тұлғаларға – жиырма АЕК, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – отыз АЕК, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – қырық АЕК, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне-жиырма АЕК мөлшерінде ескерту жасауға немесе айыппұл салуға әкеп соғатынын ескеру қажет, АЕК-тің жүз айлық есептік көрсеткіші.

Алматы ПД ақпараты бойынша, осы бапқа қатысты қаланы абаттандыру ережелерін бұзғаны, инфрақұрылым объектілерін және жасыл желектерді қиратқаны әрі бүлдіргені үшін 2024 жылдың 6 айында 11 577 бұзушылық тіркелді, 32 749 200 теңгеге айыппұл салынды.

Қоқыс тастаудың да өз тәртібі бар. Айыппұл арқалығыңз келмесе, бұдан былай үйіңізден шығарған ескі жиһазыңызды қоқыс алаңына тастамаңыз. Ережеге бағынбасаңыз, қомақты айыппұл төлейсіз!

НАРЫҚ

Мегаполисте картоп, сәбіз, пияз және қырыққабат бағасы тұрақталады. Бұл туралы Алматы әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы мәлімдеді.

БАҒА ТҰРАҚТЫ БАҚЫЛАУДА

Құралай
ЖҰМАДІЛОВА

Алматы қаласында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына (ӘМАТ) бағаны тұрақтандыру тетіктерін іске асыру шеңберінде «Алматы» ӘКК «Magnum Cash&Carry» ЖШС-мен ӘМАТ-тың төрт позициясын сатып алуға қарыз шартын жасасты. Олардың арасында картоп, сәбіз, пияз және қырыққабат бар.

Көкөніс өнімдерінің бағасын тұрақтандыру 2024 жылғы 1 қыркүйектен бастап 2025 жылғы 30 сәуірге дейін жүзеге асырылады. Көрсетілген кезеңде әр айға ӘМАТ жеке шекті бағасы белгіленетін болады.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ЖОЛ ЖАБЫЛДЫ

Алматының Алатау ауданында инженерлік желілердің жүргізілуіне байланысты Қожабеков көшесі бойымен екі бағыттағы көлік қозғалысы жабылады.

Алатау ауданы әкімдігінің ақпараты бойынша, шектеу сумен жабдықтау және су бұрудың инженерлік тарату желілерін салу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге байланысты енгізілмек. Сол себепті, Қожабеков көшесі бойымен қала шекарасынан Ф.Оңғарсынова көшесіне дейінгі 900 метр қашықтықтағы жол учаскесі 17 шілдеден 17 тамызға дейін жабылады.

Жол қозғалысы қауіпсіздігі мақсатында уақытша қолайсыздықтарға түсіністікпен



Маусымдықты ескере отырып, тұрақтандыру кезеңінде сөрелердегі сәбіздің орташа шекті құны 171 теңгені, картопка – 168 теңгені, қырыққабатқа – 140 теңгені, пиязға – 114 теңгені құрайды.

Сатып алынатын ӘМАТ жалпы көлемі 10 мың тоннаға жетеді. Өнім тауар өндірушілерден сатып алынады және «Магнум» сауда желісі арқылы тіркелген төмендетілген бөлшек бағамен сатылады. Бұл ретте сатушының сауда үстемесі 10%-дан аспайды.

Естеріңізге сала кетейік, ӘКК 2024 жылдың 1 қыркүйегіне дейін ӘМАТ-тың 13 позициясының бағасын тұрақтандыруды жалғастыруда. Олардың қатарында қарақұмық, мүйіз, күріш, күнбағыс майы, сары май, айран, сүт, сүзбе, тауық еті (аяқтар мен жамбас), сиыр еті, ұн, нан және тұз бар.



қарап, көрсетілген учаскені айналып өту жолын алдын ала ойластыруды сұраймыз.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ШАНХАЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫНЫҢ САММИТІНЕН KEЙІНГІ ОЙ

ШЫҰ КЕҢІСТІГІ

жаһандық сауданы дамытуға арналған Үлкен Еуразиялық белдеуге айнала ала ма?

Шілде айының басында бүкіл әлем назары Астанаға ауғаны мәлім. Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының (ШЫҰ) саммиті ұйымға және Қазақстанға деген жұрт назарын күшейтті. Айтулы жиын ұйымның даму беталысындағы бетбұрысты отырыс әрі еліміздің төрағалық қызметінің қорытындысы болды. Сондықтан да ШЫҰ, оның даму беталысы және Қазақстанның рөлі мен маңызы сынды тақырыптар ел ішінде де, сыртында да ең көп талқыланды. Сондықтан да кейбір мәселелер жалпы көпшілікке толық түсінікті бола қоймағаны анық. Дабыралы жиынның дүбірі басылған тұста аталған тақырыптарға байсалды түрде тағы бір көз жүгірткенді жөн көрдік. Сонымен:

Қазақстан ұйымға төрағалық кезінде қандай жұмыстарды атқарды?

Ұйымның даму беталысы қандай?

Неге Батыс әлемі ШЫҰ-ның кеңеюінен алаңдайды?

Міне, осы және басқа да өзекті сауалдарға жауап іздеп көрейік.

Ұйымның даму беталысы және қазақстандық мүдде

Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының 2023-2024 жылдардағы төрағалық қызметін атқарған тұста Астананың ұйытқы болуымен ұйым ішінде 150-ге жуық іс-шара өткізілді. Ал ШЫҰ шарттық базасына 60 жаңа құжат қосылды. Олардың қатарында Есірткіге қарсы ортақ стратегия, Экономикалық ынтымақтастықты жүзеге асырудың жоспары, Қоршаған ортаны қорғау бойынша келісім, Энергетикалық ынтымақтастықты дамыту стратегиясы сынды елеулі маңызға ие құжаттар да бар. Саммиттегі сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің ұйымдағы атқарған жұмыстарына тоқталғанда, Астананың төрағалығы тұсында ұйымның серіктестері көбейіп, өз ішіндегі инвестициялар жөніндегі арнайы жұмыс тобының қызметі қайта жанданғанын және ұлттық валюталармен есеп айырысуға көшу үдерісінің жеделдей түскенін атап өтті.

Көптеген сарапшылардың пікірінше, Қазақстанның ұйымға төрағалығы тұсында гуманитарлық байланыстардың нығаюына баса мән берілген. Оған туризмді, бизнесті тақырып еткен форумдарды мысал етуге болады. Әсіресе, ШЫҰ ішінде алғаш рет жастар кеңесі ұйымдастырылды. Шын мәнінде, мәдени-гуманитарлық байланыстардың артуы еліміз үшін тиімді болғаны мәлім. Айталық, ұйымға мүше елдер арасында «ШЫҰ елдерінің рухани киелі орындары» жобасы, «ШЫҰ Жібек жолы» алғашқы музыкалық фестивалі сынды шаралар еліміздегі туризм саласының дамуында оң әсерін көрсетті. Оның үстіне, Қазақстан ұйымға төраға ретінде Алматыны ШЫҰ-ның мәдени және туристік астанасы ретінде белгіледі. Ұйымдағы ең үздік 10 туристік аумақ қатарында да еліміздегі осы саланың сұранысына лайық орындар кірді.



Ал Астананың төрағалығы тұсында Иран мемлекеті ұйымға ресми мүше болып кірді. Тегеран сынды аймақтық державалардың және күшті амбицияға ие тараптардың ұйымға қосылуы ұйымның ішкі теңгерімінің сақталуына оң әсер ететіні анық. Себебі, бұған дейін ұйымды Бейжің мен Мәскеудің мүддесіне орай қарастыратын да пікірлер болған. Үндістан, Пәкістан және Иран сынды елдердің ұйым құрамында болуымен бұл пікірлер шетке ысырылды. Ал Астана өз төрағалығын өткеріп берер алдында Беларусь тарапы да ресми мүшелікке қабылданды. Бұл әуелде «Шанхай бестігі» аталған ұйымның мүшелер санын 10-ға жеткізді. Әрі Минскінің халықаралық субъекті ретінде қарастырылуына да оң ықпал бермек.

Мақсатты бағдар, ортақ ұстаным

ШЫҰ кеңістігінде қазір 3 миллиардтан астам халық өмір сүреді. Әлемдік жалпы ішкі өнімнің үштен бірі де осы ұйымда. Қазақстан Президенті мәлімдегендей, «ШЫҰ-ға мүше елдердің аумағы арқылы 350 мың шақырымнан астам теміржол өтеді. Әлемдегі жүк тасымалының үштен екі бөлігі осы жолдарға тиесілі. Сондықтан ШЫҰ кеңістігі жаһандық сауданы дамытуға арналған Үлкен Еуразиялық белдеуге айнала алады».

Әуелде елеусіз ұйымның мұншалық кеңейіп, дамуына не себеп болды? Егер бұл сұраққа жауап бере алсақ, ұйымның ендігі даму бағытын да саралауға болады. Бастапқыда Мәскеу мен Бейжің және Орта Азиядағы посткеңестік елдер арасында шекаралық келісімдерді бекітуге бағытталған ұйым кейін аймақтық қауіпсіздік мәселесі мен экономикалық байланыстарды басты ұстанымға шығарды. Бұған 2001 жылғы 11 қыркүйек оқиғасынан кейінгі әлемнің жаңа бет-бейнесі әсер етті. Былайша айтқанда, іргелес елдер мен аймақтардың қауіпсіздігі мен орнықтылығы мүдделі тараптарды ұйымды жалғасты дамытуға итермеледі. Терроризм мен экстремизм қауіптеріне қарсы Орта Азия елдері үшін де іргесіндегі ірі державалардың қолдауы қажет еді. Мұндай мүдделестік ұйымның бүгінге дейін жалғасуына негіз болды.

Ал соңғы он жылдықта державалар арасындағы бәсекелестік қарым-қатынас жаңа жаһандық геосаяси атмосфера қалыптастырды. Мұндай шарт-жағдайда

Еуразиядағы жаңа қалыптасып келе жатқан державалар мен батыстық державалар арасында ұстаным қайшылығы да айқын көріне бастады. Оның үстіне, теңіз сауда жолдарын өз бақылауына алған Батыс державаларымен бәсекеде Еуразияда жаңа көтерілген күш орталықтары құрлыққа қарай ығыса түсті. Міне, бұл Шанхай Ынтымақтастық Ұйымын құрлықтағы шекаралар арқылы кеңеюге итермелегендей болды. Сауда қарым-қатынастарының өзгерістері, сауда жолдарына деген бәсеке ұйымның өз ішіндегі нарықта өздеріне лайық жаңа ережелер арқылы экономикалық ынтымақтастық құруға шабыттандырды. Тұтас жаһандық сауда қарым-қатынастарындағы қысымның артуы кең ауқымды кеңістіктегі елдердің өзара мүддесін тоғыстыра түсті. Осыған қарай отырып ұйым алдағы уақытта халықаралық сауданың Еуразияның өз ішіндегі жаңа ережелерін белгілеп, ішкі кең нарықты игеруге қарай дамитынын көре аламыз.

Батысты не алаңдатады?

ШЫҰ-ға қатысты түрлі пікірлер арасында бұл бірлестікті Батыс әлеміне қарсы етіп көрсететіндер көп. Мұндай пікірлер кейде Батыс елдері тарапынан да айтылып қалып жатады. Аталмыш ұйым Батысты неге алаңдатады? Мәселе ұйымға мүше елдердің құрамында екені анық. Айталық, Ресей мен Қытай қазір көптеген мәселелер бойынша АҚШ, Британия секілді батыстық әлеммен қайшылықты қарым-қатынаста. Ал Иран сынды Батысқа қарсы елдердің қосылуы және Үндістан мен Пәкістан сынды ядролық қаруға ие жаңа мүшелермен толығыуы Батыс әлемін алаңдатпай қоймайды.

АҚШ соңғы 5 жылда Үнді-Тынық мұхит стратегиясын қолға алып, дамытуда. Теңіз-мұхитта Азияны қоршай орналасқан шағын елдермен ынтымақтастықты дамыту арқылы алып құрлықтағы ірі елдерді біртіндеп тежеу стратегиясы өз өнімін беруде. Осы қатарда Вашингтон Үндістанды да өзіне бар күшін салып тартуда. Жапония мен Үндістанды қамтыған жаңа қауіпсіздік альянсын құруға да құлшыныс жасап келеді. Бұл Қытайдың теңіз-мұхитқа қарай ықпал көлемін кеңейтуіне тосқауыл жасайды. Ал Еуропамен шектесетін Ресейдің қарт құрлықпен қарым-қатынасы айтарлықтай бұзылды. Міне, осының бәрі қалыптасып келе жатқан еуразиялық держа-

валарды белгілі деңгейде шектеуге окшаулауға ұшыратады. Егер Ресей, Қытай, Иран және Үндістан сынды елдер мүддесін тоғыстыра отырып, жаңа сауда-экономикалық байланыстардың автономды кеңістігін құра алса, бұл Батыстық державалардың ұзақ мерзімдік мүддесіне кері әсер етуі мүмкін.

Енді бір жағынан, Батыстағы Солтүстік Атлантикалық Шарт ұйымы сынды ірі әскери альянс ШЫҰ-ны болашақта өзіне бәсекелес қорғаныс ұйымына айналады деп қауіптенеді. Дегенмен, ШЫҰ-ның қазіргі даму беталысына қарап, оны болашақта қорғаныс альянсы ретінде елестету қиын. Оның үстіне, ұйымда Үндістан мен Қытайды, Үндістан мен Пәкістанның өзара қайшылығы сақталып тұратындықтан бұл елдердің қорғаныс ынтымақтастығын құру мүмкіндігі тым төмен.

Үйлесімділіктің маңызы зор

ШЫҰ-да Ресей, Қытай, Үндістан, Иран және Пәкістан сынды ауқымды амбицияға ие ірі елдердің болуы ондағы орта-шағын елдердің мүддесіне қалай әсер етеді деген мәселе ұдайы талқыланып келе жатыр. Ең маңыздысы, ұйымның қандай шарттарды, келісімдерді негіз етіп жұмыс істейтінінде. Ірі елдердің көп болуының өзі де белгілі деңгейде Орта Азиядағы мүше елдердің мүддесінің қорғалуына әсер ете алады. Ал кейбір жағдайда орта-шағын елдердің ірі елдермен екіжақты мәміледе жүзеге асырылуы қиын мәселелерді ұйым төңірегінде шешуге мүмкіндік береді. Айталық, Қазақстан мен Қытай арасындағы шекаралық өзендер мәселесі сынды. Егер Астана–Бейжің арасында бұл мәселені шешу қиын болған жағдайда ШЫҰ ішіндегі ынтымақтастық келісімдерді алға тарта отырып өз мүддемізді алға жылжыта аламыз. Ең бастысы, ШЫҰ сауда-экономикалық ынтымақтастықты, қауіпсіздік пен гуманитарлық бағыттарды негіз еткен ұйым екенін ескеруге тура келеді. ШЫҰ ішіндегі алып нарық отандық экспорт үшін де зор мүмкіндіктер жаратады.

Қазақстан көпжақты сыртқы саясатты ұстанатын және оны барынша қорғап келе жатқан ел. Кез келген халықаралық ынтымақтастық пен қазақстандық мүдде арасындағы үйлесімділіктің маңызы зор. Кейбір сыртқы сарапшылар кезекті саммит Қазақстанның Батыстан алшақтауын көрсетті деп қарайды. Алайда, ШЫҰ еліміз мүше болып отырған көптеген халықаралық ұйымның бірі ғана екенін атай кеткен жөн. Барлық тарапқа тиімді және сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамытуға құрылған халықаралық ұйымдардың қай-қайсысы да біздің көпжақты сыртқы саясатымызға үйлеседі. Әрі бұл арқылы біз аймақтық интеграцияны да қатар дамыта бермекпіз. Қазақстан ШЫҰ-ға төрағалығы кезінде «Көпжақты диалогты нығайту – орнықты бейбітшілік пен дамуға ұмтылу» ұранын көтерді. Бұл ұйымға мүше барлық мемлекеттердің ортақ миссиясының мән-маңызын айқын көрсетеді. Сондықтан Қазақстан ШЫҰ төрағасы ретінде барлық мақсат-міндетті толығымен орындады деп тұжырымдай аламыз. Президент атап өткендей, «Қазақ жері – ежелден түрлі өркениеттер тоғысқан мекен. Үлкен Еуразияның бірегей мәдени кодын бойына сіңірген ШЫҰ-ның алып кеңістігі халықтар арасын жақындатуға дәнекер болып, өзінің тарихи рөлін одан әрі атқара беруге тиіс және солай боларына сенімдіміз».

Естай БОЖАН,
сарапшы.





АТОМ ЭНЕРГЕТИКАСЫ



(Дереккөз: Getty Images)

Орыны	Мемлекеттер	АЭС саны (403)	Энергетикалық қуаты (МВт)	Электр энергиясы өндірісіндегі көлемі (%)
1.	АҚШ	93	95 835	18,6
2.	Франция	56	61 370	64,8
3.	Қытай	55	53 152	4,9
4.	Ресей	37	27 727	18,4
5.	Корей Республикасы	26	25 825	31,5
6.	Канада	19	13 699	13,7
7.	Үндістан	19	6 290	3,1
8.	Жапония	12	11 046	5,6
9.	Испания	7	7 123	20,3
10.	Швеция	6	6 944	28,6

Франция (56) мен Қытай (55) үштікке енген. Дегенмен, жалпы электр энергиясы өндірісіндегі ядролық энергия үлесі екі елде өзгеше. Францияда АЭС елдегі өндірілген электр қуатының 65%-ға жуығын құрайды. Бұл Францияның атом энергетикасына аса мән беретінін дәлелдейді. Ал Қытайда жағдай мүлдем басқа. Электр қуатының 5%-ға жетер-жетпес бөлігі атом электр станцияларында өндіріледі. Бұл Қытайда энергетикалық ресурсқа сұраныс жоғары екенін көрсетеді.

Дамыған және дамушы елдердің таңдауы

Жалпы, бытыр әлемдегі 31 мемлекетте 403 реактор жұмыс істеген. БҰҰ-ға 193 мемлекет мүше екенін ескерсек, олардың басым көпшілігі ядролық энергетиканы бейбіт мақсатта қолдана алмай жатқанына көз жеткізуге болады. Сол 31 мемлекеттің барлығы дерлік экономикалық дамыған және дамушы елдер қатарына кіреді. Мысалы, АҚШ, Франция, Канада, Жапония, Ұлыбритания G7 құрамында. Германия билігі АЭС-тен бас тартты. Себебі, оның жұмыс істеуіне қажетті табиғи ресурс дефициті байқалуда. Ал Италия халқы 1986 жылғы Чернобыльдегі жарылыстан кейін референдум өткізіп атом энергетикасынан бас тарту туралы шешім қабылдады.

Германия мен Италияның АЭС-тен бас тартқанына қарамастан, өзге елдер бұл энергия көзін тұтынып келеді. Олардың ішінде G20 елдері мен еуропалық елдер де бар.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ РЕФЕРЕНДУМ

«АЭС салудың тағдырын халық айтуы тиіс»
деген шешім дұрыс болды

2023 жылы 1 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында АЭС мәселесі бойынша жалпыхалықтық референдум өткізуді ұсынды. «Атом электр станциясын салу немесе салмау мәселесі – еліміздің болашағына қатысты аса маңызды мәселе. Сондықтан оны жалпыұлттық референдум арқылы шешкен жөн деп санаймын», – деді. Шыны керек, бұл мәселе қоғамда қызу талқыға түскен еді. Құрылыстың тағдырын халық шешуі тиіс деген шешім дұрыс болды. Биыл 24 маусымда Президент референдум күзде болады деп мәлімдеді. Осы орайда атом энергетикасына, оның әлемдегі даму деңгейі мен өзге елдердің тәжірибесіне жүгінсек...

Артықшылығымен бірге
тәуекелі де бар

Атом электр станциясын салу не салмау сұрағы қазір өзекті мәселеге айналды. Себебі, алда елімізде референдум өтпек. Жаңа саяси маусым жалпыұлттық референдум науқанымен басталмақ. Сонымен, референдум қашан өтеді?

Президент БАҚ өкілдерімен кездесуде биыл күзде өтеді деп мәлімдеді. Нақты қай күні өтетіні әлі белгісіз. Дегенмен, 2 қыркүйекте, саяси маусым ашылған уақытта белгілі болатынын болжай аламыз.

Тағы бір маңызды сұрақ туындайды. АЭС-тің артықшылығы, оны салудағы тәуекелдер қандай? Бұл сұраққа Қазақстанның мысалында жауап беріп көрсек. Басты артықшылық – энергетикалық дефицит мәселесін біржолата шешуге болады. Ол үшін бізде табиғи ресурс – уран жеткілікті. Оның үстіне, демографиялық

және өндірістік өсім энергияға сұранысты арттыра бермек.

Ал тәуекелдерге атом энергетикасына деген фобия, су дефициті, экологиялық апат жатады. Сонымен қатар, біз әлеуметтік желілердегі жазбалардан оқып жүрген басты тәуекел – жемқорлық деңгейі. Біздің ойымызша, Үкімет осы тәуекелдермен жұмыс істеуі тиіс. Ал жалпы атом энергетикасының болашағы бар. Оған әлемдегі жағдайды талдау кезінде көзіміз жетеді.

ХАЭА туралы бірер сөз

Халықаралық атом энергиясы агенттігі (ХАЭА) немесе ағылшынша IAEA 1957 жылы 29 шілдеде құрылды. БҰҰ жанында ядролық технологияның ашылуы мен оның салдарын басқару мақсатында пайда болды. Ұйымның өмірге келуі АҚШ президенті Дуайт Эйзенхауердің есімімен байланысты. Ол 1953 жылы 8 желтоқсанда БҰҰ

Бас ассамблеясында «Бейбітшілікке жетелейтін атом» тақырыбында сөз сөйледі. Оның сөздері жаһандық ұйымның пайда болуына түрткі болды.

МАГАТЭ ядролық технологияның дамуымен байланысты екі түрлі қызмет атқарады. Бірі оны қару ретінде қолдану және сол саланы реттеу. Ал екіншісі ядролық технологияны бейбіт мақсатта қолдану.

Халықаралық ұйымның штаб-пәтері Австрияның астанасы Венада орналасқан. Бұдан бөлек, екі аймақтық бөлімі Канаданың Торонто және Жапонияның Токио қалаларында ашылған.

АЭС қай елде көп?

ХАЭА әлемдегі ядролық техногияның дамуы, АЭС бойынша ақпарат жинайды. Ол энергетикалық реакторлар бойынша ақпараттық жүйе (PRIS) деп аталады. Ондағы мәліметтер үнемі жаңартылады. Ақпараттық жүйе жыл сайын есеп береді.

Мысалы, 2023 жылғы мәліметке сүйенсек, жұмыс істеп тұрған АЭС саны бойынша АҚШ көш басында. Онда 93 АЭС бір жылда 95 мыңнан астам мВт электр энергиясын өндірген. Ол елдегі өндірілген жалпы электр энергиясының 18,6%-ын құрайды. Демек, Вашингтон электр энергиясын өндіруде әртараптандыру саясатын ұстанады. Бірақ соның өзінде өзге елдерге қарағанда энергетикалық реакторлар саны жағынан әлдеқайда алда.

ҚОЛДАУ

АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК

Биыл бұл мақсатқа бюджеттен 60,5 млрд теңге қарастырылған



2024 жылғы 1 шілдеде 67,1 мың отбасындағы 355,3 мың адамға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды. Биыл осы мақсатқа бюджеттен 60,5 млрд теңге қарастырылған. Бұл туралы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі хабарлады.

АӘК-нің негізгі мақсаты – ақшалай төлем түрінде қолдауды жүзеге асыру және отбасының еңбекке қабілетті мүшелерін жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына тарту арқылы отбасын қиын өмірлік жағдайдан шығару.

АӘК мыналарды көздейді:
– табысы өңірлік ең төмен күнкөріс деңгейінің 70%-нан ас-

пайтын азаматтарға тоқсан сайын әлеуметтік көмек тағайындау;

– табысы аз отбасылардағы 1 жас пен 6 жас аралығындағы әр балаға 1,5 АЕК (5 538 теңге) мөлшерінде ай сайынғы қосымша төлем беру. 2024 жылғы 1 шілдеге АӘК алушылар қатарынан мектеп жасына дейінгі 109,0 мың балаға 2,9 млрд теңге сомасына қосымша төлем тағайындалды;

– жұмысқа орналастыру, өз ісін ашуға ниетті отбасыларға гранттар беру, біліктілікті арттыру курстарына жіберу (қажет болған жағдайда) және басқалар арқылы жұмыспен қамтуға жәрдемдесу.

Қазіргі уақытта қазақстандықтар АӘК тағайындауға өтінішті тұрғылықты жері бойынша мансап орталығында, ауыл округінің әкіміне сондай-ақ Электрондық үкімет порталы (egov.kz) арқылы бере алады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: ortcom.kz).



#ТАЗАҚАЗАҚСТАН

ӨТІНІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА СЕРВИСІ

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі «Таза Қазақстан» ауқымды акциясы аясында @TazaQazBot ыңғайлы телеграм-чат-боты арқылы жергілікті мекеннің және экология мәселелері туралы өтінімдер берудің жаңа сервисін әзірледі.

Бұл елдің әрбір камкор тұрғынына проблемалық жерлерді бірден суретке түсіруге немесе галереядан суреттерді жүктеуге, орналасқан жерін көрсетуге және мәселені егжей-тегжейлі сипаттауға мүмкіндік береді.

Өтінім түріндегі барлық ақ-

парат операторға жергілікті атқарушы органнан келіп түседі, ол оны жүктейді және орындаушыны тағайындайды.

Сонымен қатар, тұрғындар жолдардың, саябақтардың, кіреберістердің, жарықтандырудың, абаттандырудың және қоғамдық

және жеке аумақтардың санитарлық жағдайына қатысты көптеген мәселелер туралы хабарлай алады.

Өтінім санатына байланысты орындаушы тапсырманы орындауы тиіс уақыт автоматты түрде белгіленеді. Жұмыс аяқталғаннан кейін Орындаушы фотосуретті және қажет болған жағдайда түсініктеме береді.

Кері байланыс ретінде пайдаланушылар орындаушыны тағайындау және жұмысты аяқтау туралы хабарламаларды тікелей Телеграм-ботта алады. Өтінімді

орындағаннан кейін олар орындалған жұмыстың сапасын бағалап, барлық өтінімдерін қарай алады.

«Таза Қазақстан» сервисі әрбір азаматқа тазалық пен тәртіпті сақтауға белсенді қатысуға мүмкіндік бере отырып еліміздегі халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған.

Бірлескен күш-жігердің арқасында еліміздің әрбір елдімекені таза әрі экологиялық қауіпсіз болады деген сенім бар.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: ҚР ЭТРМ
Баспасөз орталығы).

ТҰСАУКЕСЕР

Алматыдағы Jusan Vibe галереясында табиғат пен құстарды сүйетін барлық қазақстандық үшін маңызды оқиға өтті. Қазақстан аумағында мекендейтін құстар туралы деректерді қамтитын қазақ тіліндегі тұңғыш толыққанды анықтағыш «Қазақстан құстары. Далалық анықтағыш» таныстырылды.



«ҚАЗАҚСТАН ҚҰСТАРЫ»

далалық анықтағышы таныстырылды

Ернұр
РЫСБАЙ

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



тарға қызығушылық танытатын адамдар әлі де аз.

Ресми тұсаукесер аясында National Geographic Qazaqstan «Қазақстан құстары» атты фотокөрмені көпшілік назарына ұсынды. Көрмеде еліміздің кең байтақ аумағында мекен ететін қанаттылар, соның ішінде Қазақстанның «Қызыл кітабына» енген сирек құс түрлері бейнеленген фотосуреттердің үздік жұмыстары көрсетілді. Қонақтар жергілікті фаунаның сұлулығы мен байлығын бейнелейтін керемет суреттерден ләззат алып, биоәртүрлілікті сақтаудың маңыздылығы туралы танымдарын кеңейте алды.

«Қазақстан құстары. Далалық анықтағыш» АСБК «Шеврон» компаниясымен серіктестікте жүзеге асыратын «Students for Nature» жобасы аясында жарыққа шығып отыр. Students for Nature ол қазақстандық студенттердің табиғатты қорғау саласындағы әлеуетін арттыруға және жаңа білім мен дағдыларды игеруге бағытталған. Соңғы екі жыл ішінде Алматы, Астана, Орал, Атырау және Қостанай қалаларының жоғары оқу орындарында табиғатты қорғау тақырыптары бойынша дәрістер мен практикалық сабақтар өтті. Қызығушылық танытқан студенттер орнитологиялық экскурсияларға және жабайы жануарларға мониторинг жүргізу тренингтеріне белсене қатысты. Бұл шаралар студенттерге табиғатты қорғау саласындағы білімдері мен дағдыларын кеңейтуге, сондай-ақ озық әдістер мен зерттеулермен танысуға мүмкіндік берді.



Іс-шараны ұйымдастырушылар АСБК («Қазақстандағы биоалуантүрлілікті сақтау ассоциациясы») республикалық қоғамдық бірлестігі) – Қазақстандағы жабайы табиғатты 20 жылдан бері ғылыми түрде зерттеп әрі сақтап келе жатқан табиғат қорғау ұйымы.

Бұл кітап бұған дейін Астана қаласындағы кәсіпқой мамандар мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне таныстырылған болатын. Енді Алматы қаласындағы мамандардың назарына ұсынылып отыр. Авторлар ұжымы Қазақстандағы құстарды бірнеше жылдан бері зерттеп жүрген кәсіби орнитологтардың қатарына жататын Анатолий Ковшарь, Виктория Ковшарь, Николай Берёзовиков. Ал Вадим Константиновичке анықтағыштағы құстардың суреттерінің барлығы тиесілі. Анықтағышты қазақ тіліне аударғандар – белгілі кәсіби зоологтар, қазақ тіліндегі зоология оқулықтарының авторлары Бірлікбай Есжанов пен Қылышбек Мұсабеков. Кітаптың қазақ тіліндегі басылымы

Қазақстан биоалуантүрлілікті сақтау ассоциациясы жанындағы АСБК баспасында «Шеврон» компаниясымен серіктестікте жарыққа шықты.

«Құстар әлемін сүйетіндер үшін бүгін керемет күн. Біздің елдің орнитологтары басқа елдің мамандарынан ерекше. Сонымен қатар, мұндай кәсіби мамандар біренесаран. Ал біздің алып мемлекет үшін ол өте аз. Дамыған мемлекеттерде құстармен қызығатындардың саны 100 мыңға жуық болса, бізде керісінше аз. Меніңше, бұл кітап орнитологтар мен құстарды сүйетін қауым үшін таптырмас құрал болмақ. Сонымен қатар, 2014 жылға дейін бұндай кітап болған жоқ. Араға 10 жыл салып қазақтілді оқырмандарға ұсынылып отыр», – деді кітап авторы Анатолий Ковшарь. Бұл кітап орнитологтар мен құс бақылаушыларына арналған далалық нұсқаулық болып табылады, ол табиғи мекен ортасында құстарды ажыратып анықтауға арналған.

Кітап әрбір құс түрі бірнеше суретпен, таралу картасы және құсты анықтауға арналған белгілердің толық сипаттамасы бар деректермен қамтылған. АСБК анықтағышты ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда, мектептерде және басқа да жерлерде тегін таратуды жоспарлап отыр. Қазақстан аумағында 500-ден астам құс түрі мекендейді, мұндағы құстар далада да, шөлде де, орманда да, таудың бөктері мен биігінде де – табиғи аймақтардың барлығында кездеседі. Еліміздің табиғи ландшафтылардың әр алуантүрлілігі – қоқиқаз, жорға дуадақ, қара бозторғай, бірқазан, қылаңтөс бұлдырық, орақтұмсық, жұмақ шыбыншы және басқа да таңғажайып құстардың тұруына мүмкіндік туғызды, ал оларды табиғатта кездестіріп қалу – шынайы құс сүйер жанның арманы. Әлемнің түкпір-түкпірінен құс бақылаушылар жыл сайын сирек кездесетін құстарды суретке түсіру үшін арнайы Қазақстанға келеді. Алайда, елімізде құс-



МЕМОРАНДУМ



ЖУРНАЛИСТЕР ТҮРІК ТІЛІН ҮЙРЕНДІ

«Alatau Aqparat» медиахолдингі мен Еуразия ғылыми-зерттеу институты арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум шеңберінде журналистер түрік тілін тегін үйренді. Қазан айында басталған курстар аяқталып, қатысушыларға Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті лингвистикалық орталығының арнайы сертификаты берілді.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Сертификат табыстау салтанатына Түркия Республикасының Алматы қаласындағы бас консулы Эврен Мүддерісоғлу, «Alatau Aqparat» медиахолдингінің Бас директоры Ержан Қалымбайұлы, Еуразия ғылыми-зерттеу институтының директоры Суат Бейлюр, ТҮРКСОЙ Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулет, сондай-ақ БАҚ өкілдері қатысты. Журналистер түрік тілін меңгере отырып, Түркия мен өзге де түркітілдес елдердің БАҚ-тарында тағылымдамадан өтуге мүмкіндік алды. Еуразия ғылыми-зерттеу институтының директоры Суат Бейлюр журналистерді курстың аяқталғанымен құттықтап, ізгі тілегін білдірді:

«Алған білімдеріңіз қайырлы болсын! Үйренгендеріңізді ұмытпай, әрі қарай жетілдіріңіздер, пайдаға асатынына сенімім мол. Ізгілікке жарасын!», – деді ол.

Айта кететін жәйт, былтыр мамырда «Alatau Aqparat» медиахолдингі мен Еуразиялық ғылыми-зерттеу институты арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылған еді. Журналистерге түрік тілін Түркиядан Алматыға арнайы келген оқытушы үйретті.

«Уақытымды бос өткізбегеніме қуанып тұрмын. Міне, бүгін түрік тілін тегін үйреніп, Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті лингвистикалық орталығының арнайы сертификатын алып отырмын. Менің ойымша, тіл үйрену ешқашан кеш емес. Бүгінге дейінгі үйренгендерім алдағы уақытта маған пайдасын тигізетініне сенемін. Осы сәтті пайдалана отырып, бізге тегін тіл үйренуге мүмкіндік жасаған «Alatau Aqparat» медиахолдингінің басшысы Ержан Қалымбайұлына және Еуразия ғылыми-зерттеу институтының қолдауымен Түркиядан арнайы келіп, бізді оқытқан Неше Йылдырым ханымға алғыс айтамын», – дейді «Almaty akshamy» газетінің журналисі Құралай Иманбекқызы.

МИНИСТРЛІК

2024-2025 оқу жылы: ДӘРІС АЛУ МЕН ДЕМАЛЫС КЕЗЕҢДЕРІ

ҚР Оқу-ағарту министрлігі орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталу мерзімін, ұзақтығын және каникул кезеңдерін бекітті. Бұл туралы министрліктің баспасөз қызметі хабарлады.

Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылы 1 қыркүйекте басталып, 25 мамырда аяқталады. Бірінші тоқсанда оқу уақыты – 8 апта. Күзгі каникул 28 қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда 7 күнге созылады. Екінші тоқсанда оқу уақыты – 8 аптаны құрайды. Қысқы каникул 2024 жылдың 30 желтоқсанында басталады және 2025 жылдың 8 қаңтарын қоса алғанда күнтізбелік 10 күнге жалғасады. Бірінші сынып оқушылары үшін үшінші

тоқсанда 2025 жылғы 10 ақпаннан 16 ақпанды қоса алғанда дейінгі уақытта ұзақтығы 7 күнді құрайтын қосымша демалыстар беріледі.

Үшінші тоқсан 10 оқу аптасынан тұрады. Ал 11 күндік көктемгі каникул 2025 жылдың 21 наурызында басталып, 31 наурызды қоса алғанда дейін жалғасады.

Төртінші тоқсанның ұзақтығы 8 оқу аптасын құрайды. Сондай-ақ, 25 мамырда оқу жылы қорытындыланады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ДӘРІС

СЕРТИФИКАТҚА ИЕ БОЛДЫ

«Исламдық бағыттағы деструктивті және радикалды діни идеологияны ұстанушыларды радикалсыздандыру және оңалту саласындағы мамандардың біліктілігін арттыру» курсы биыл осымен бесінші жыл өтіп отыр. Еліміздің 20 өңірінен келген исламтанушылар мен имамдар, дінтанушы, теолог инспекторлар біліктілігін арттыруға арналған бір айлық курсты аяқтап, арнайы сертификатқа ие болды. Курсқа қатысушылар бір ай бойы отандық ғалымдардан 15 пән бойынша 140 академиялық сағат дәріс тыңдады.



Рая
ЕСКЕНДІР

Арнайы курстан өткен 77 дін қызметкерін Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Дін істері комитетінің төрағасы Е.Нүкежанов пен Нұр-Мүбәрак университетінің проректоры, PhD доктор Қ.Құрманбаев арнайы құттықтап, біліктілік жөніндегі сертификаттарды табыс етті. Жалпы, отандық дін қызметкерлерінің біліктілігін арттыру оң нәтижелер көрсетіп келеді. Мәселен, аталмыш курс еліміздегі мақсатты топтармен (радикалдармен) түсіндіру жұмысын ұйымдастырып, деструктивті радикалды

ағымдарға ерушілермен жұмыс істеу құралдарын қамтитын өзекті дәрістік бағдарламамен, академиялық тәсілмен ерекшеленеді.

Курс барысында дін қызметкерлері ҚР МАМ жанындағы Республикалық ақпарат-тық-түсіндіру тобының сарапшылары, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті академиясы, ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, Дипломатия институты, еліміздің жетекші оқу орындарының ғалымдары мен жоғары білікті мамандардың дәрісін тыңдады. Елімізде 2020 жылдан бері 400-ге жуық дін қызметкері біліктілігін арттырған курс барысында сауалнама жүргізіліп, сараптама жасалып отырады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Лола ШАКИМОВА, Республикалық психологтар және психотерапевтер қауымдастығының сарапшы-психологі, БҰҰ құрамындағы халықаралық сарапшы:

Нұр-Мүбәрак университеті базасында психологтар, конфликтологтар, теологтар және осы тақырыпты зерттеуші басқа да жоғары білікті мамандар мен ғалымдар дәріс оқыды. Діни экстремизм және терроризм жөнінде көптеген мәселелерге байланысты сауалдар қойылды. Біз, психологтар, деструктивті діни ағымдардың жақтастарының психологиялық ерекшеліктерін талқыладық.

Ғаламтор, әлеуметтік желілер арқылы жұмыс істейтін алаяқтардың тарту әдістеріне баса тоқталдық.

Сонымен қатар, тыңдаушыларды профайлинг технологияларымен таныстырдық, оның ішінде қылмыс жасау ықтималдығы бар адамдарды анықтауда сыртқы көрініс, мінез-құлық белгілері бойынша бақылау да бар. Дәрістер қызықты да мағыналы болды, ал интерактивті оқыту әдістері, соның ішінде топтық талқылаулар, жаттығу жұмыстары мен тестілеулер материалды терең түсінуге көмектесті.

Бахыт АМАНГЕЛДІ, профессор, PhD доктор, халықаралық дәрежедегі бітімгер:

Еліміздің дін саласындағы мамандардың біліктілігін арттыру мақсатында өтіп жатқан курста екінші жыл қатарынан дәріс бердім. Еліміздің түкпір-түкпірінен келген мамандарға Қазақстандағы діни тұрақтылықтың маңызын, түрлі конфликті жағдайлардың себептері мен олардың алдын алудың маңызын түсіндіру аса қажет. Осы мәселеде зерттеуші маман ретінде өз тәжірибеммен бөлісіп, отандық дін саласындағы мамандардың біліктілігін арттыруға үлес қостым.

Тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында «Радикалданудың алғашқы белгілері және алдын алу әдістері: діни мәтіндерді түсіну проблематикасы», «Теология және философия: олардың қазіргі әлемдегі арақатынасы», «Дін социологиясы және қазіргі діндарлықтың ерекшеліктері», «Конфликтология және конфликт барысындағы медиация», «Ханафи жамағаттарының радикалдануының қаупі және факторлары» және тағы басқа тақырыптарда тест алынып, нәтижесінде мамандардың дәрежелері анықталды.





ПАРИЖ – 2024

ОЛИМПИАДАЛЫҚ
ДАЯРЛАУ ОРТАЛЫҒЫOLYMPIC
TRAINING CENTER

СПОРТШЫЛАРЫМЫЗҒА СӘТТІЛІК!

Қазақстан құрамасы XXXIII жазғы Олимпиада ойындарына аттанды



Алматы қаласының жанында орналасқан Республикалық олимпиадалық даярлық базасында Қазақстан ұлттық құрамасын XXXIII жазғы Олимпиада ойындарына ресми шығарып салу рәсімі өтті.

Досбол
АТАЖАН



Төртжылдықтың басты додасы 26 шілде мен 11 тамыз аралығында Франция астанасында өтеді

жауапты міндет тұр. Сіздердің чемпиондық мінезіңіз, табандылығыңыз, жеңіске деген ерік-жігеріңіз, осы күнге дейін жиган тәжірибелеріңіз, жаттықтырушылардың, дәрігерлердің, массаж жасаушылардың қажырлы еңбегінің арқасында үлкен нәтижеге жететінімізге сенімдімін. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан жазғы және қысқы Олимпия ойындарының 79 жүлдегерін, оның ішінде 15 Олимпиада чемпионын тәрбиелеп шығарды. Олимпиададағы жетістіктер – бүкіл елдің әлемдегі имиджі, мемлекеттің әлауатының көрсеткіші, ең бастысы, бұл – сіздердің көпжылдық және қажырлы еңбектеріңіздің нәтижесі», – деді Ермек Маржықпаев.

Айта кеткен жөн, Қазақстан құрамасының спортшылары биыл алғаш рет Олимпиада бағдарламасына енген брейкинг және бадминтон сияқты спорт түрлерінен өнер көрсетеді. Брейкингтен ел намысын Әмір Закиров қорғаса, бадминтон сайысында Дмитрий Панарин бақ сынаиды.

Қазақстандықтар Олимпиаданы «Qazqstan», «Qazsport», «Jibek Joly», «Хабар» және «Ел арна» телеарналарынан көре алады.

● КЕРЕК ДЕРЕК

ОЛИМПИАДАҒА 7 КҮН ҚАЛДЫ

Жеті күннен кейін Франция астанасы Париж қаласында 33-ші жазғы Олимпиада ойындары басталады. Төртжылдықтың басты додасы 26 шілде мен 11 тамыз аралығында Париж қаласында өтеді.

Оқырман назарына Олимпиада мен Париж қаласына қатысты 33 қызықты мәліметті ұсынамыз

1. Париж қаласы Олимпиада ойындарын 100 жылдан кейін қайта қабылдағалы отыр. 1924 жылы Франция астанасында жазғы ойындар өткізіліп, кейін тек қана қысқы Олимпиада ойындары ұйымдастырылған.
2. 1900 жылы Парижде өткен Олимпиада ойындарында тұңғыш рет әйелдер бақ сынады.
3. Францияда Олимпиада ойындары алтыншы рет өткелі отыр.
4. 2024 жылы алғаш рет брейкингтен медальдар таратылады.
5. Серфинг додасы Францияның материктік бөлігінде емес, Таити аралында өтеді. Париж пен Таити арасы 15 700 шақырымды құрайды, бұл Олимпиада ойындарының рекорды. Бұған дейін ешбір жарыс Олимпиаданы қабылдаушы қаладан соншалықты алыс өткен емес.
6. Тарихта тұңғыш рет Олимпиада және Паралимпиада ойындарының бойтұмары бірдей болмақ.
7. Париж жазғы Олимпиаданы үшінші рет қабылдайтын екінші қала. Бұған дейін Лондон жазғы ойынды үш рет өткізген.
8. 2024 жылғы Олимпиада ойындарының ұраны: «Бәрі үшін ашық ойындар».
9. Алау Грекиядан Францияға қайық арқылы жеткізілді. Алау құтысының жобасын танымал дизайнер Маттье Леанер жасап шығарған.
10. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер тағатын медальдің басты ерекшелігі – әйгілі Эйфель мұнарасының бөлшегі. Бұл барлық жүлдеде болады.
12. Жарыстарды өткізу үшін 35 спорт нысаны жұмыс істейді.
13. Жазғы ойындарды Ле-Ивелин, Сена мен Марна, О-де-Сен және Сена-Сен-Дени департаменттері қабылдайды. Футбол матчтары Бордо, Нант, Лион, Сент-Этьен, Ницца және Марсель қалаларында өтеді.
14. Жарыс бағдарламасынан каратэ, бейсбол және софтбол сынды спорт түрлері қосылмады.
15. Ойын кезіндегі басты стадион «Стад де Франс» болмақ. Аталған стадионда салтанатты рәсімдер, сондай-ақ, жеңіл атлетика мен региден жарыстар өткізіледі.
16. Олимпиаданың ашылуы Сена өзенінде өтеді. Спортшылар шеруі өзен үстінде өтеді. Әрбір делегация жекелеген қайықпен жүзеді. Шеру кезінде 160-тан астам қайық қолданылады.
17. Спортшылар шеруіне 10 500 атлет қатысады деп күтілуде.
18. Сена өзенінен алысырақ жерлерге көрермендер тегін кіре алады. Ашылу салтанатын жақын маңнан тамашалау үшін 2,7 мың еуро көлемінде қаражат төлеу керек.
19. Олимпиада ойындарының ашылуы күні Париждегі әуе кеңістігі жабылады.
20. Әйгілі «Ролан Гаррос» стадионы теннистен олимпиадалық жарыстарды қабылдайды.
21. Олимпиадалық ауылда 2500-ге жуық үй салынған. Ойын кезінде аталған ауыл 14 500 атлетті сыйдыра алады. Сондай-ақ, олимпиадалық ауылда 8876 ағаш отырғызылды.
22. Білік өкілдеріне қауіпсіздікті сақтау үшін жасанды интеллект көмектеседі.
23. Париж Олимпиадасын бір миллиард көрермен тамашалайды деп күтілуде.
24. Қазақстан сапынан Париж Олимпиадасының алғашқы лицензиясын нысана көздеуден Қазақстан құрамасының мүшесі Ислам Сәтпаев жеңіп алды.
25. Ойынды ұйымдастыру ісіне 44 мың ерікті тартылған.
26. Бар әлемнен 26 мың журналист аккредитация алған.
27. Көрермендер үшін 13,4 миллион билет қолжетімді.
28. Олимпиадаға арналған құрылыс нысандарының 95 пайызы уақытша немесе дайын нысандар базасында салынған. Бұл қоршаған ортаның тазалығын сақтау мақсатында жасалуда.
29. Олимпиадалық ауылдағы асханада күніне 40 мың тағам әзірлейді.
30. Гандбол мен садақ атудан жарыстар Олимпиада ашылуына бірнеше күн қалғанда басталады.
31. Парижде спорттың 32 түрінен медальдар үлестіріледі. Жарыстың алғашқы жүлделері 27 шілдеде сарапқа салынады. Спортшылар барлығы 329 жүлде жиынтығы үшін бақ сынаиды.
32. 2024 жылғы Олимпиада ойындарының жарыстары Париждегі көптеген танымал орындарда өткізіледі. Мәселен, Марсово алқабы, Үлкен сарай, Мүгедектер үйі, Келісім алаңы, Версаль сарайы, «Ролан Гаррос».
33. Олимпиада ойындарының ашылу салтанаты 26 шілдеде, ал жабылу салтанаты 11 тамызда өтеді. Жабылу салтанатында эстафета АҚШ-қа жолданады. 2028 жылғы жазғы Олимпиада Лос-Анджелесте өтеді.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРІ ҚАНША?

Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаев Париж олимпиадасының жүлдегерлері қанша сыйақы төленетіні айтты.

Министрдің айтуынша, Қазақстан спортшыларына алтын үшін – 250 мың доллар, күміс үшін – 150 мың доллар, ал қола үшін – 75 мың доллар сыйақы беріледі. Дүние-жүзілік дода кезінде 4-6 орындарға ие болған жерлестерімізге 30, 10 және 5 мың доллардан төленеді. Ал олимпиадалық спорт түрлерінен әлемдік рекорд орнатқан спортшылар тағы 5000 доллар, ал жаттықтырушысы 3000 доллар ала алады. Сондай-ақ, жүлдегерлерді дайындауға қатысқан бірінші, жеке және бас бапкерлерге ақшалай ынталандыру қарастырылған.



БРИФИНГ

ЕКПЕ АЛМАҒАН БАЛАЛАР

көкжөтелмен ауырған

Мегполисте тырысқақ, іш сүзегі, қызамық, дифтерия, сібір жарасы, қышым сияқты жұқпалы аурулардың жағдайлары тіркелген жоқ. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қаласы Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Қасымхан Алпысбайұлы айтты.

каражаты есебінен 1293 адам ақылы түрде егілді.

Биылғы қаңтар айынан 1 мамырға дейін қызылшаның зертханалық расталған 3170 жағдайы тіркелді, оның ішінде 14 жасқа дейінгі балалар – 1948, жасөспірімдер – 140, ересектер – 1082.

Сонымен бірге, спикер қызылшаға қарсы қосымша жаппай иммундау қалай жүргізілетінін, егуге жататын тұлғаларды вакциналау жоспарының орындалуы 105%-ды құрағанын атап өтті.

«Биылғы 5 айда екпе алмаған 14 жасқа дейінгі балалар арасында көкжөтелдің расталған 62 жағдайы тіркелді. Оның 35-і көкжөтелге қарсы екпеден бас тартуына, 14-і медициналық қарсы көрсетілімдерге байланысты, ал 10-ы (16,1%) екпе алу жасына жетпеген, 3-еуі екпенің толық курсымен қамтылмаған», – деді Қ.Алпысбайұлы.

Биыл осы кезеңге дейін А вирустық гепатитпен ауырған 351 адам тіркелді, 100 мың тұрғынға шаққандағы аурушандық көрсеткіші 15,3 құрады. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 41,6%-ға жоғары. Жас құрылымында ересек тұрғындар басым, олардың үлесі – 64,9%, 14 жасқа дейінгі балалар – 25,9%, ал жасөспірімдер – 9,1%.

«В вирустық гепатит жағдайлары негізінен вакциналаудан бас тартқан және медициналық қарсы көрсеткіштерге байланысты егілмеген балалар арасында тіркеледі. Науқас балалардың 14-і (15,4%) басқа облыстардың, негізінен Алматы облысының тұрғындары», – деді спикер.



Спикер жұқпалы ауруларға қарсы тұрағы вакциналау тақырыбына кеңірек тоқталды. Алматыда эпидемиялық маусымға дейін тұмауға қарсы барлығы 257 495 адам (бұл – қала тұрғындарының 11,5%-ы) егілді. Оның ішінде жергілікті бюджет есебінен «Гриппол плюс» вакцинасымен 250 000 «қауіп тобындағы» адам, 6202 адам жұмыс берушінің есебінен және өз

ҚАПЕРІҢІЗДЕ ЖҮРСІН!

ОҢ ӨЗГЕРІС

Ұзақ мерзімді демалыс кезінде жұмыскерлер үшін МӘМС жарнасын қалай төлеу керек?



Биылғы сәуірден бастап жұмыскерлер үшін міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналарын аудару тәртібі өзгерді. Өзгерістер ұзақ мерзімдік еңбек демалысына шығатын қызметкерлерге қатысты болып отыр.

Медициналық сақтандыру қорының Алматы филиалы өкілдері демалыс маусымында қызметкерлердің сақтандырылған мәртебесін жоғалтпауы үшін МӘМС үшін жарналар мен аударымдарды қалай дұрыс жасау керектігін айтып берді.

«Қазір еңбек демалысының уақыты. Елімізде 30-45-56 күндік еңбек демалысына шығатын жұмыскерлер бар. Өкінішке қарай, жарна дұрыс аударылмауына байланысты ұзақ мерзімдік демалыста болған мамандардың статустан айырылып қалғаны рас. Осы олқылықты реттеу мақсатында жарна төлеу тәртібіне өзгерістер енгізіліп отыр. Мысалы, жұмыскер 1 шіл-

деден 30 тамызға дейін демалыста болады делік. Мұндай жағдайда МӘМС-ке төленетін аударымдар мен жарналарды демалыс уақытына қарай, яғни бір айға емес, екі айға бөліп аудару қажет», – деді филиал қызметкерлері.

Бұл мәселенің медицина және білім беру саласына да қатысы бар. Былтыр жаз айларындағы демалыс кезінде жарна аударылау салдарынан қараша айында статустан айырылған дәрігерлер мен мұғалімдер медициналық көмек жағынан қиындыққа душар болды. Туындаған мәселені шешу үшін қор республика бойынша аталған салаларда еңбек ететін 189 мыңнан астамға статус берді, оның 16 мыңы – Алматы тұрғындары.

Естеріңізге сала кетсек, сақтандыру мәртебесін келесі жолдармен тексеруге болады: Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы; fms.kz ресми сайты; Telegram-дағы @SaqtanduryBot; 1414 байланыс орталығы; Damumed мобильді қосымшасы; Halyk мобильді қосымшасы; BCC.KZ мобильді қосымшасы; Kaspi.kz мобильді қосымшасы; eGov.kz электрондық үкімет сайты.

ЖАҢА ИННОВАЦИЯ



ЖҮРЕКТІҢ ЕМІ

кардиолог-дәрігерлердің қолында

Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ Басқарма төрағасы Марат Пашимов «Біз үшін біздің мамандығымыз – өмір салтымыз. Мен және менің әріптестерім ең ізгі де жауапты мамандықтардың бірін таңдадық. Біз күн сайын, сағат сайын, минут сайын қиын жағдайларда күрделі шешімдер қабылдаймыз және адамдардың дені сау болуы үшін күні-түні кірпік ілмеуге дайынбыз», – дейді.

Алматыда орналасқан аталған іргелі медициналық мекемеде еліміздің жетекші мамандары жұмыс істейді, диагностикада соңғы буынның медициналық жабдықтары қолданылады. Былтырдың өзінде 3D қайта құру және КТ перфузиясы мен толық кардиопакеті бар премиум компьютерлік томографын; 2 сараптамалық ультрадыбыстық және портативті ультрадыбыстық аппараттарын; оттегі станциясын; төсек жанындағы мониторлар; ИВЛ аппараттарын; функционалды кереуеттер; Холтер, қан қысымы және ЭКГ мониторингі жүйелерін, реанимациялық бригадаларға арналған санитарлық автокөлік және т.б. заманауи құрылғылар сатып алынды.

Олардың маңызды дағдыларының бірі – командада жұмыс істей білу. Өйткені, пациенттің сауығуы медицина қызметкерлерінің бірлескен күш-жігерінің нәтижесі екені сөзсіз.

«Біз – бір командамыз! KIAF3I – көптеген жылдар бойы диагностикалық әдістерді жетілдіруге үлес қосып, асқазан-ішек жолдарының патологиясы бар пациенттерге көмек көрсететін жетекші республикалық орталықтарының бірі. 2023 жылы бір баллонды энтероскопия және ішектің қабыну аурулары кезіндегі тоқ ішектің тарылуын кеңейтетін баллонды дилатациясы сияқты жаңа технологиялар енгізілді. Біздің базамызда дәрігерлерге 3 және 4 деңгейдегі мамандандырылған көмек көрсететін ішектің қабыну ауруларын

үйлестіру орталығы жұмыс істейді: бұл білім беру орталығы, ел өңірлерінің дәрігерлеріне консультациялық-әдістемелік көмек (телемедициналық консультациялар) және пациенттерді амбулаториялық емдеуде консалтинг. Оның басында ғылыми және инновациялық қызмет жөніндегі орынбасарым Жамия Кайбуллаева тұр. Медицина ғылымдарының кандидаты, жоғары санатты гастроэнтеролог Жамия Ахтанқызы барлық өңірден келген көптеген пациентке көмектеседі, мамандарға әдістемелік көмек көрсетеді, еліміздің гастроэнтерологтары үшін білім беру іс-шараларын ұйымдастырады және белсенді ғылыми қызмет жүргізеді», – деп атап өтті клиниканың бірінші басшысы.

Кардиолог дәрігерлер – ерекше адамдар Олай дейтініміз, олар өмірлік маңызды орган үшін жауап береді. Осындай дәрігерлердің бірі – денсаулық сақтау саласында 30 жылдан астам жемісті еңбек етіп келе жатқан Гүлнара Оспанова. Ол – жоғары санатты дәрігер, м.ғ.к., ең тәжірибелі мамандардың бірі, 15 жылдан астам уақыт кардиологиялық бейіндегі бөлімшелерді басқарды. Биыл Гүлнара Ермаханқызы аталған институтта емдеу жұмысы жөніндегі директор болып тағайындалды.

Асылхан Паримбеков 16 жыл бойы рентгенхирург, интервенциялық аритмолог болып жұмыс істейді, оның ішінде институттағы қолтаңбасына 13 жыл. Басқарма төрағасының айтуынша, ол кәсіби дамуға ұмтылу, жоғары жауапкершілік сияқты қасиеттерімен ерекшеленеді. Новосибирск қаласындағы академик Е.Мешалкин атындағы Ұлттық медициналық зерттеу орталығында, Мәскеу қаласындағы А.Бакулев атындағы Жүрек-қан тамырлары хирургиясы ҰМЗО-да, Германия, Нидерланды және Израильде білім алған 2011 жылдан бастап клиникада жүрекшілік электрофизиологиялық зерттеуді, жүректің аритмогендік құрылымдарының радиожиілік және криоабляциясын, электрокардиостимуляторды, кардиовертер-дефибрилаторды, жүректі қайта синхрондау терапиясына арналған жүйені имплантациялауды сәтті жүргізеді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Марат ПАШИМОВ,
Кардиология және ішкі аурулар
ҒЗИ Басқарма төрағасы:

КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ КҮШЕЙТЕМІЗ

Біз ел тұрғындарына жоғары технологиялық, мамандандырылған, стационарды алмастыратын, консультациялық-диагностикалық медициналық көмек көрсетеміз. Сондай-ақ, ғылыми-зерттеу, білім беру қызметімен де айналысамыз. Мамандар өңірлердің медициналық ұйымдарына ұйымдастырушылық-әдістемелік, практикалық көмек көрсетеді, денсаулық сақтау саласында сараптама жүргізеді.

Былтыр біз 5 жыл мерзімге институционалдық аккредиттеу және резидентураның 5 мамандығы бойынша мамандандырылған аккредиттеу сертификаттарын алдық. Келесі айда институттың JCI жоғары сапа стандартына және Ұлттық аккредиттеудің жоғары санатына сәйкестігін қайта растауымыз керек. Материалдық-техникалық базаны одан әрі жақсартуға; оқытуға баса назар аударатын, кадрлық әлеуетті күшейтуге; емдеудің жаңа әдістерін енгізу және жоғары технологиялық медициналық қызметтер көрсету үшін оперативтік араласу көлемін ұлғайтуға ерекше назар аударылатын болады.



Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.



МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚҚА ҰСЫНЫЛҒАН ШЫҒАРМА

«ЖОШЫ ХАНЫНЫҢ» БАСИ БАСЫМ

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, жазушы-драматург Думан Рамазанның «Жошы хан» драматургиялық шығармалар жинағы Абай атындағы әдебиет пен өнер саласындағы Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылып отыр.



жақсы ізденіс іздері көрінді. Осы жағынан оған лайықты қошемет көрсетуге әбден болады.

Спектакльдегі айрықша атап өтуге болатын тағы бір рөл – Шыңғыс хан бейнесі. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асылбек Қапаевтың сомдауындағы түрлі бейнені көріп жүрсек те, Шыңғыс хан соның ішіндегі бір төбесі болыпты. Ірілі-ұсақты рөлдер ішінен жарқырай көрінген сәтті ізденіс екендігін де баса айтқымыз келеді. Жарты әлемді жаулаған жаһан әміршісін едәтте көріп жүргеніміздей қаһарлы, адуынды хан бейнесінде емес, керісінше қаһанның адами қасиеттеріне, әке ретіндегі сезім иірімдеріне бойлауға ұмтылған актерлік парасаты, психологиялық тереңдігі де көңілге жылылық сыйлады. Оның Шыңғыс ханы – алыс-жұлыстан қашып, бойын парасат билеген, ұлағатты ойлар қозғайтын салмақты тұлға. Биіктен төніп тұрған селт етпес көзқарасы спектакльдің өн бойына қан жүгіртті. Ұлы қағанның әрбір сөзі диттеген жерге дөп тиіп жатты. Ойлы, мағыналы, терең тіркестер көрермен көкейіндегісін қозғап, көңіліндегісін тербегені анық.

Ал оның хан ретіндегі салтанатын жеткізуде қойылым суретшісі Ерлан Тұяқовтың кәсіби талғамы тәтті етпей қоймады. Шыңғыс ханның сахнаға шығуы шын мәнінде театрдың әлеуетін көрсете алды. Жаңа театр сахнасының бар мүмкіндігін ұтымды пайдалана отырып жасалған декорация, кейіпкерлердің ажарын ашып қана қоймай, дәуір үнін дөп басқан костюмдер – бәрі-бәрі қойылымның көркемдік деңгейіне қызмет еткен. Әр детальға, сахна декорациясына тиянақты дайындалғаны бірден сезіледі. Жарық пен музыканың үйлесімділігі, LED экранның мүлтіксіз қабысуы да көрермен көңілін көл-көсір қуанышқа бөлеп, Дешті Қыпшақ даласының баятақ рухын айшықты көрсете білді. Сахна суретінің осы ерекшелігі лайықты бағаланса керек, Ерлан Тұяқов өткен жылы жүргізілген «Қазақстан театрлары – 2023» мониторинг қорытындысы бойынша «Жошы хан» спектаклінің костюмдері үшін «Жыл костюм суретшісі» аталымында

Қазақстан «Театр сыншылары бірлестігінің» «Сыншылар жүлдесі» сыйлығына ие болды.

Сонымен қатар, сахнада эпизодтық рөлде жүрсе де Төле рөліндегі Біржан Жүнісов, Бектомыш – Бегімнұр Қалила, Кетбұға жырау – Қасымхан Бұғыбай ізденісін айрықша атап өткіміз келеді. Бала Бату бейнесінде көрінген Әлкен Ысмайыл да болашағынан зор үміт күттіреді. Ал керісінше, спектакльдің негізгі қайшылығын ұстап, шым-шытырық интрига туғызуға тиіс Шыңғыс ханның тоқалы Құлан катын (Жанар Қасымова) мен Көкеші көріпкел (Заңғар Әбенев) тандемі босаңдау шықты. Рөл табиғатын әлі де ширықтырып, мінез бояуын қанықтыра түсуге сұранып-ақ тұр. Сол секілді, сахна сайысына да әлі де жүйелі дайындықтың қажеттігі байқалып қалды. Ширығу жағын шындаса қойылымның ұтымдылығы анық.

Токетерін түйгенде, спектакльдің «Шыңғыс ордасы» аталатын алғашқы бөлімі қақтығысқа толы болғанымен, «Қазақ ордасы» атты екінші бөлімінде күрделі қақтығыс жоқ. Бұл бөлім – драманың идеясын ашуға барынша икемделген. Бірінші бөлімі нағыз драмаға сай қақтығыстармен көрерменін ширықтырса, екінші бөлімде динамика бәсеңсігендей көрінді. Есесіне, қойылымның тілі жатық. Автор аз сөзге көп мағына үстеуге ұмтылған, әр тіркесіне ауқымды әрекет сыйдырған диалогтар шын мәнінде қойылымның көркемдік құрылымын байытқан. Сыншы Н.Қабылбектің сөзімен айтсақ, «Диалогтар көпсөзділіктен ада. Нақтылық бар. Талас-тартыс үстіндегі одағай сөйлемдер де жамырап кетпейді. Көрерменді жалықтырып жіберер монологтар мүлде жоқ. Аз сөзбен көп ой айтуға талпыныс байқалады. Бұл шиеленіске толы драманың ауа жайылып кетпеуіне, құрылымының құлдырамауына кәдімгідей көрік беріп тұр».

Осы тұрғыдан сараптасақ, расымен де драматург Думан Рамазанның бұған дейін жазылған өзге тарихи туындыларымен салыстырғанда, «Жошы ханның» бәсінің бәрібір биік екендігін баса айтқымыз келеді. Пьеса тілі ғана емес, режиссер мен сценографтың сахна мүмкіндігін барынша ұтымды пайдаланып, заманауи техниканың игіліктерін игеруге деген ұмтылысы, жарық пен музыка қоюдағы сәтті ізденістердің барлығы да қойылымның жетістігі екендігі даусыз.

Тұжырымдай келе айтарымыз, талантты жазушы-драматург Думан Рамазанның «Кенесары – Күнімжан», «Абылай ханның арманы», «Керей – Жәнібек», «Жошы хан», «Пешене», «Бейуак», «Қанатталды» сынды пьесалары топтастырылған «Жошы хан» драматургиялық шығармалар жинағын Абай атындағы әдебиет пен өнер саласындағы Мемлекеттік сыйлыққа лайық деп бағалаймыз.

Назерке ЖҰМАБАЙ,
журналист-өнертанушы,
өнертану ғылымының магистрі.

ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орталық музейінде «Арман қала» деген атаумен тақырыптық сабақ өтті. Оған «Қиын өмірлік жағдайдағы балаларды қолдау орталығының» өрендері шақырылды.

ЖҮРЕГІНДЕ СӘУЛЕ БАР

балалар шеберлік
сабақтарына
қатысты



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Балалар елорданың қалыптасу кезеңі мен экономикалық дамуы жайында, сондай-ақ тың және тыңайған жерлерді игеру туралы мағлұматтар тыңдап, сонымен қатар көне Бозақ қаласы, Ақмола әскери бекінісі, мәдени, спорт мекемелері, түрлі ескерткіштерімен танысты.

Танымдық дәрістен соң балалар акварельмен ақ қағаз бетіне Астананың рәміздері – «Бәйтерек», Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі, Бейбітшілік және келісім сарайы, «Экспо» халықаралық көрме орталықтарының суретін бейнеледі. Шығармашылыққа жақын, бірдене білсем, үйренсем деген, жүрегінде сәуле бар балаларға музейдегі жылы атмосфера өте ұнады.



Жалпы, іргелі бұл музей балалар үшін түрлі танымдық жобаларды жүзеге асырып келеді. Солардың бірі – «Қазақ халқының мәдениетін тактильді экспонаттар арқылы танимыз» мәдени-танымдық іс-шарасы. Бұл жолы оған шаһардағы Островский атындағы №4 орта мектеп-интернатының зағип және нашар көретін балалары, сондай-ақ музейдің «Museum FOR KIDS» лагеріне келуші балалар қатысты.

Коворкинг балалар орталығында қойылған «Жеті қазына» мүсіндер көрмесі мен этнография залында ашылған «Сенді қолданбалы өнер бұйымдары» экспозициясы бойынша экскурсиялар өткізілді. Мұндағы экспонаттар мен арнайы қойылған бұйымдардың сипаттамалары Брайль шрифтімен ұсынылған. Балалар қазақ халқының салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен танысып, музей экспонаттарын тактильді түрде тамашалауға мүмкіндік алды.

Балалар «Сазтерапия: қыш дөңгелегі» шеберлік сабағына да қызыға қатысты. Оны Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясының колледж студенттері Дастан Әбдіхамит, Алмагүл Шаяханова, Әсел Төленова өткізді. Жас шеберлер студенттердің көмегімен қыш ыдыстар, саздан түрлі бұйымдар жасады.

Ал «Басқұр – киіз үй жасауы» шеберлік сабағын Островский атындағы №4 мектеп-интернатының көркем еңбек және технологиялар пәнінің мұғалімі Ж.Мұқұшева өткізді. Шеберлік сабағына өндірістік тәжірибеден өтіп жүрген әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Тарих факультетінің студенттері де атсалысты.



МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚҚА ҰСЫНЫЛҒАН ШЫҒАРМА

Ұлтының азаттығы үшін қолына ақ ту алып, ақ сауыт киіп, ақбоз атқа мінген Кенесары бейнесі «Семсер жүзіндегі серт» роман-трилогиясында кесек сомдалған екен.

Хан Кене бастаған ұлт-азаттық майданның Жетісу мен Іле Алатауы етегіндегі кезеңі – қаламгерлеріміздің оң жамбасына келе қоймаған тақырып. Бұл – он жылға созылған халық көтерілісінің шарықтау шегіне таянған тұсы болатын. Тағдыр-тәлейі күрделі, тым қатыгез ханның қатаң мінезі мен қаһарлы сұсы жанына оңай-оспақ жанды жақындатпайтыны да рас. Содан да шығар, әйтеуір ұзақ жылдар ешкім аттап баспады. Илияс Есенберлин де «Қаһарын» батыс пен орталық өңірлердің шегіндегі арпалыспен аяқтаған еді. Алайда, қазақ пен қырғыздың арасындағы XIX ғасырда орын алған трагедиялық оқиға, кеудемізде дық болып тұрғаны жасырын емес.

Ал біз сөз етіп отырған роман-трилогиямен танысқанда байқағанымыз, халқымыздың өткен өмірін, кешкен михнатын кең көлемде қамтыған екен. Онда қаршадай бозбала Кенесарыдан айбынды тұлғаға айналған, арыстанның абаданындай атпал Кенесарының ажал құшатынына дейін және одан кейінгі дәуірлер баяндалады. Үш томдықты біріктіріп тұрған басты алтын өзек – ұлттық рух, азаттық айбыны, бостандық бейнесі. Әуелгі Абылай ханнан бастап, кешегі біздің алаш қайраткерлерінің арқауына айналып, Желтоқсан көтерілісіне дейін жеткен алмес-сембес қайсар рух. Жалпы, бағыр да аңғал, дархан қазақ халқын азаттық рухы адастырмай алып келе жатқаны сипатталған.



ХАН КЕНЕНІҢ АМАНАТЫ

«Семсер жүзіндегі серт» трилогиясының алтын өзегі – ұлттық рух, азаттық айбыны, бостандық бейнесі

Ұлт азаттық көтерілістің бас қаһарманы батыр да емес, ақын да емес, тұтас бір елдің ханы – Кенесары. Басқыншылыққа қарсы халық болып жүргізген хан Кене бастаған майдан, ханның басы шабылғаннан кейін де тоқтамады. Оның дүбірі сона-ау Петерборда отырған императордың тізесін дірілдетті.

Кенестік саясаттың ықпалы жүріп, көлеңкесі түскен кеңестікте төрткүл дүние таныған классиктердің өзі қалам тартпаған, тартса да, тек жағымсыз жағынан көрсеткен тарихи тұлғалар болды. Жабық тақырыпқа айналған ондай қаһармандар, керісінше, халықтың сүйіктілері еді. Идеологияның иінімен солар жайлы теріс сөйлеп, әдеби даңқына дақ түсіріп алатын жайлар ұшырасты. Сондай шетін тақырып – Кенесары хан және оның жүріп өткен жолы.

Кенесарының бар болмыс-бітімімен тұңғыш көркем кейіпкерге айналдырған жазушы – француздың қаламгері Жюль Верн. Көбіне фантастикалық шым-шытырық оқиғалар тарихын жазатын танымал қаламгерді қызықтырған дүние, Кенесарының садақ, қылышпен ғана жүріп, зеңбірек сүйретіп, мылтық асынған орыс әскерін бықырт тигендей жасайтыны болса керек. Тіпті, кейіпкерінің атын да өзгертпей Кенесары деп алды. «Күллі Сібірді басып алып, орыс империясын дірдектеткен татар ханы Кенесары» деп бастайды романын. Алайда, бұған шұғыл түрде Ресей империясының Сыртқы істер министрі араласып, ортаға түбі түрік орыс жазушысы Тургеневті қатыстырып, ол Париждегі әріптестерімен бәтуаласып, кейіпкердің есім-сойын өзгертеді. Кенесары – Феофан болып шығады.

Сөйтіп, кешегі күнге дейін «жабық тақырып» болып келіп, қазір «шетін тақырыпқа» айналған дүние XIX ғасырда демократияшыл Еуропаның өзінде де осылайша ауыздықталған еді.

Жазушы Әділбек Ыбырайымұлының «Семсер жүзіндегі серт» трилогиясының кейіпкері – сол, атакты Кенесары хан. Ол ғұмыр кешкен тұстағы қоғамдық-саяси, әлеуметтік ахуалдың құбылмалылығынан өмірінің қайшылығы мол, тағдыры ауыр болды. Трилогияда алғаш рет көркем әдебиет кеңістігінде Кенесары ұлт-азаттық қозғалысының көсемі деп бағаланады.

Әділбек Ыбырайымұлы сексен сегіз түрлі құбылып тұрған деректерді ескей келіп «Семсер жүзіндегі серт» трилогиясында Кенесарының тарихта қандай жүк арқалағанын, халыққа несімен жағып, қай ісімен аты шыққанын шығармашылық құлшыныспен жазған.

Бірінші кітап – «Арланның азуы». Айыр қалпақты ағайын қазақ ханының басын алғанымен қоймай, Кенесарының бауыры, Абылайдың шөбересі, албан-суанның аға сұлтаны Тезек төрені Орманбет манап анасының асына шақырады. Тезек төре асқа бармаса да болар еді ғой. Барғаны – тарихи шындық.

Трилогиядан Сүйінбайдың Қағанмен атақты айтысында екі ел арасындағы ақиқаттар айтылатынын бағамдаймыз. Қырғыз ақыны Кенесары-Наурызбайдың басын шапқандарын мақтан көреді. Қаламгер ақтаңгерлердің сөз саптастарына қарай ілгергі тарихқа шегініс жасап, қос елге ортақ жайттар әсерлі бейнеленеді. Онда айыр қалпақ ағайынның қазақ сарбаздарының басынан мұнара тұрғызғаны да сырт қалмайды. Ұлт арасына араздық туғызу емес, атакқұмар сұлтандар, беделді билердің орыс шені мен лауазымына малданып, арсыздықпен, киянатпен қызмет еткендері әсерлі тіл бояуымен жеткізеді.

Екінші кітап – «Серт». Қаршадайынан ағалары Саржан мен Есенгелдінің соңынан ілескен, басқыншы жұртқа қарсы шайқас

көрген, азаттық мұратын бозбала уақытынан бойына тұтқан Кенесары қос ағасы өзбектердің қолынан қараулықпен өлгеннен кейін, атқа қонуынан басталады. Қасым төре «Ендігі алты алаштың алдына шығатын кезек – сенікі, Кенесары! Жай қолынды, әкелік батамды беремін!» дейді. Батасын беріп беліндегі сапысын кісесімен ұсынады. Сапыны қынынан суырып алып, мандайына басып, жүзінен сүйеді. Әкесіне қарап «Осы от пен суға суарылған алмастың жүзімен қас жауларымды аямай бауыздауға ант етемін!» дейді.

Сөйтіп, Абылай ханның ақ туын көтеріп, халқының азаттығы жолындағы бітіспес күреске түседі.

Шығарманың кең тынысы осы екінші кітапта жақсы ашылған. Үлкен еңбек екенін оқырманға мойындатады. Ұлттың тарихын, тарихи адамдардың парасатты бейнесін толыққанды шығарған. Арпалысқан талас-тартыс, дүлей, озбыр кезеңнің жай шындығынан көркем шындықты сомдаған. Кер заман дейміз бе, сұм заман дейміз бе, соның саяси әлеуметтік кескінінен керемет картина жасаған. Кенесарының батыр болайын деген атқа ие болу үшін күреспегенін, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған ер екенін бүгінгі оқырман жүрегіне жеткізеді. Ұлт-азаттық бағытты көкеген, отаршылдық бұғауды бұзудың жолындағы, мемлекет құруға ұмтылған ірі қайраткер екеніне сендіреді.

Үшінші кітап – «Рух». Хан Кене ажал алдындағы ақтық сәтте «Қылша мойным семсердің жүзінде тұрғанда серт етем, орындалмаған арманым – ұрпағыма аманат! Солар рухымды қайта тірілтеді, басқыншылыққа қарсы күресімді қайта жалғастырады! Қазақты осал жұрт демендер, жауын алмай қоймайды! Хан Кене құласа да, қазақтың туы жығылмайды! Қазақ түбі тәуелсіздігін алады!» дейді қалың жауы мен дұшпандарының алдында. Міне, ата-бабадан келе жатқан асыл мұратты ту еткен Кенесарының ұлдары атқа қонды. Ендігі халықтық майданды ұлы Сыздық сұлтан жалғастырды. Мұнда да отаршыл орысианың басқыншы әрекетіне қарсы кескілескен сүргін соғыс суреттеледі. Ата-баба аманаты мен перзент парызы, қазақ халқының қаһармандығы баяндалады.

Өмірден өтер алдындағы хан Кененің Тәуелсіздік жөніндегі ұрпағына қалдырған аманаты – Азаттықтың ақ туына айналды, сөнбес алауға ұласты. Оның «ұрпағыма аманат» дегендегі «ұрпақ» өз кіндігінен өрген үрім-бұтағы ғана емес, ұлы қазақ халқының келешек кемел ұрпағы еді. Сол Аманат, Кие, Серт, Рух бізді асқақ биіктерге алып келе жатыр.

«Семсер жүзіндегі серт» роман-трилогиясын оқи отырып, халқымыздың азапты тағдырына жаның ауырады, өткеліктің бәрінен өткен қайсарлығына рухтанасың. Шығармада Тәуелсіздік пен Азаттықтың аурасы аспандап тұр. Егемендік таңымен рухтас еңбектер дайықты бағаланғаны жөн. Ұлтымыз үшін тәуелсіздікті көксеген Кенесары ханның аманатына адал болу – парызымыз.

Ділдер МАМЫРБАЕВА,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иесі.

ТЕАТР

АЛМАТЫ ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЫ

**Канадада «Гран-при»
жүлдесін жеңіп алды**

Алматы Мемлекеттік қуыршақ театры Канада мемлекетінде өткен I Халықаралық «Оттава» қуыршақ театрлар фестиваліне қатысып, «Ромео мен Джульетта» қойылымы үшін «Гран-при» жүлдесіне ие болды.



Досбол
АТАЖАН



Канада мемлекетінің астанасы Оттава қаласында тұңғыш рет I Халықаралық «Оттава» қуыршақ театрлар фестивалі жаздың шуақты да көрікті шілде айында өтті. Канадалық көрермендерге дүние жүзінің қуыршақ өнерін таныстырып, халықаралық шығармашылық пен ынтымақтастықты көздеген мәдени іс-шараға еліміздің Көк туын ұстап қатысқан алғашқы қазақстандық өнер ордасы Алматы Мемлекеттік қуыршақ театры болды. Аталмыш театрдың шығармашылық ұжымы фестиваль аясында канадалық көрермендердің назарына өз репертуарындағы ерекше қойылымдардың бірі, ағылшын драматургі Уильям Шекспирдің әйгілі трагедиясы желісімен сахналанған нәзік те таза махаббаттың құдіретін сездіретін «Ромео мен Джульетта» спектаклін ұсынды.



Қуыршақ театрының репертуарындағы «Ромео мен Джульетта» спектаклі 2019 жылы белгілі режиссер Дина Жұмабаеваның жетекшілігімен жарыққа шықты. Бұл қойылым өзінің ерекше қуыршақтарымен және сахналық шешімдерімен бірталай халықаралық және республикалық деңгейдегі театр фестивальдерінде де бақ сынап, жеңімпаз атанған.

Мысалы, 2022 жылы аталмыш спектакль Болгария Республикасы Варна қаласында өткен халықаралық «Алтын дельфин» қуыршақ театрлар фестивалінде үздік деп танылып, «Гран-при» жүлдесіне, «Ең үздік ер адам» жүлдесіне, «Ең үздік дебют» жүлдесіне лайықты болған. Ал оған дейін 2021 жылы Қарағанды қаласында өткізілген және көбіне отандық драмалық театр ұжымдары қатысқан Әшірбек Сығай атындағы «Сын – шын болсын» республикалық театрлар фестивалінде 1-орынды жеңіп алған.

«Біздің жастар өте жоғары деңгейде жұмыс көрсетті және өте қызық махаббат хикаясын сезіндірді. Өз дарындарын, жалпы қазақ жастарына тән сезімді Канада халқына таныстырды», – деді Қазақстан Республикасының Канададағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Дәулетбек Құсайынов.

Ал Канаданың Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Алан Хамсон болса: «Артистердің тамаша өнеріне куә болдым. «Ромео мен Джульеттаның» осы бір интерпритациясы бізді қатты таңқалдырды!», – деген пікір білдірді.



ШОМЫЛУ МАУСЫМЫ

СУҒА ТҮСКЕНДЕ
САҚТЫҚ КЕРЕК

Қазір шілдіңгір шілденің дер шағы. Алматының желегі мол, тау етегінде орналасқанымен жазғы ыстықтың жөні басқа. Алматының аптабы енді басталғандай. Мұндайда аптаптан сая іздеудің төте жолы –

суға шомылу. Жаз басталмас бұрын ТЖ өкілдері суға түсу кезінде сақтық шараларын сақтау қажеттігін ескерткен еді. Соған қарамастан, шомылу маусымы басталғалы елімізде 87 адам суға кетіп отыр. Олардың 23-і кішкентай бала.



(Сурет: ашық дереккөзден алынды).

Рая
ЕСКЕНДІР

Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 3% аз көрінеді. Бұған қоса, құтқарушылар 126 адамды дер кезінде құтқарып қалған.

Қазіргі таңда тиісті мекеме өкілдері қайғылы жағдайдың алдын алу үшін рейдтік шараларды жалғастырып жатыр. «Қабылданып жатқан шараларға қарамастан, демалушылар қауіпсіздік талаптарын ескерер емес», – дейді құтқарушылар. Бүгінгі таңда 105 су айдыны тексеріліп, оның 88-і суға түсуге жарамды болса, 17-і қауіпті деп танылды. Сонымен қатар, 213 қоғамдық құтқарушы арнайы дайындықтан өтті. Бұған қоса, судағы қайғылы жағдайдың алдын алу мақсатында 2 мың ерікті жұмылдырылып отыр. Жалпы, Алматы қаласында және тау бөктеріндегі аудандарда 44 су айдыны орналасқан. Олардың 9-ы адам өміріне аса қауіпті деп саналады. Қанша ескерткенімен, бұл жерлерде жыл сайын орны толмас оқиғалар орын алады. Осыдан кейін әріне, орны толмас оқиғалар орын алады. Осыдан кейін әріне, орны толмас оқиғалар орын алады. Осыдан кейін әріне, орны толмас оқиғалар орын алады.

Мәселен, Алатау ауданына қарасты «Шаңырақ», «Дархан» ықшамаудандары мен Бостандық ауданындағы Әл-Фараби – Науан көшелерін қиып өтетін Үлкен Алматы өзені, Жетісу ауданының «Кемел» ықшамауданындағы «Первомайские пруды», Медеу ауданы аумағындағы Бутаковқа бұрылатын жердегі Кіші Алматы өзені мен «Юннатское» көлі, Наурызбай ауданына қарасты Ақсай өзені, Түркісіб ауданындағы «Әуежай» көлі, Қарасу өзенінің саласы – «Шестуха» деп те аталады. Бұл орындарға арнайы белгілер қойылғанына қарамастан, адамдар сақтық шараларын сақтамай жатады. Сондықтан Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаменті азаматтық қорғаныс басқармасының бастығы Әнуар Юсупов қала тұрғындары мен контактарына су айдындарында қауіпсіздік ережелерін сақтауды, сондай-ақ тыйым салынған жерлерде шомылмауды қайта-қайта ескерткенді жөн көріп отыр.

Негізі, Алматы қаласы әкімдігі тұрғындарға су маңайында демалуы үшін 4 арнайы орынды белгілеген еді. Олар «Сайран» көлінің батыс және шығыс бөлігі, Д.Қонаев атындағы УАК бойындағы «Гүлдер» демалыс аймағы, «Баум тоғайы» жағажайы. Қазір «Сайран» көліне іргелес аумақты абаттандыру жұмысы жүріп жатқандықтан әлі су толтырылмаған. Тағы бір демалыс аймағы – Д.Қонаев атындағы Үлкен Алматы каналында да гидротехникалық құрылыс жүріп жатыр. Соған қарамастан, қала халқы бәрібір бұл маңайларды демалыс орны санайды. Өткен-айы, жаз басталысымен, Алматы мен Жетісу облысында қайғылы жағдайлар жиілеп кеткен. Өйткені,

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Асқар СЕРІКҰЛЫ,
ТЖ қызметкері:

ТАҒЫ ДА ЕСКЕРТЕМІЗ...

Біз үнемі демалушыларға арнайы жасақталған орындарда ғана суға түсу керектігін ескертеміз. Тіпті арнайы белгі де қойып қойғанбыз. Неге екенін, көп жағдайда адамдар сол белгіден әрі асуға ұмтылады. Тіпті, ересектердің кейбірі балаларын өздерімен бірге алып жүзеді. Жүзе алмайтын адамдар белден аспайтын, таяз жерде шомылуы тиіс қой. Осындай қарапайым қағиданы әркім ескертусіз-ақ білсе, жақсы болар еді. Ата-аналарға, ересек кісілерге балаларды қараусыз қалдырмай, суға түскен кезде ішімдік ішуге, толқын көтеріліп, дауылды ескерту жарияланған кезде суға түсуге болмайтынын тағы да ескертеміз.

Жаз басталысымен бірнеше өкінішті оқиғалар орын алды. Себебі, демалушылар қауіпсіздік талаптарын ескермейді. Қанишама қайғылы оқиға болып жатса да, қауіпсіздік талаптарына мән беріп жатқандар аз. Демаламыз деп көрінген жерде шомыла беруге тағы болмайды. Су қателікті кешірмейтінін еске саламыз. Сондықтан рұқсат етілмеген жерде суға түскендерге әкімшілік шара қолданылатынын тағы да ескертеміз.

Егер демалушылар рұқсат етілмеген жерге суға түсе беретін болса, онда өкінішті жағдайлар да көп болуы мүмкін екенін ескертеміз. Қауіпсіздік шараларын сақтабаған, белгіленбеген жерге суға түскен 68 адамды куәгерлер құтқарып қалды.

Қапшағай, Алакөл халықтың ең көп шоғырланатын орындары. Мұнда жыл басынан бері 14 адам суға кеткен.

Ең соңғы қайғылы оқиға күні кеше Қапшағай су қоймасында болды. Тілсіз жау шомылуға арналмаған жерде суға түсіп жүрген 4 адамның өмірін жалмап кетті. Олардың қатарында 2007, 2010 жылы дүниеге келген екі ағайынды бала және оларды құтқаруға ұмтылған бір әйел мен ер адам жас балалармен бірге сол жерде суға кетті. Төтеншеліктер арнайы орындарда ғана суға түсуге болатынын ескертеді.

«Сақтансаң – сақтаймын» деген қағиданы ұстанайық!

ҚАУІП ҚАЙДАН?

Жаз – бұл өрт қауіпі артатын уақыт. Тілсіз жау қоршаған ортаға, экономикаға және адамдардың денсаулығына елеулі зиян келтіруі мүмкін. Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қаласы ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының өкілдері осы туралы тарқатты.

ТАБИҒИ
ӨРТТЕР

көп жағдайда адами
фактордан да тұтанады



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Жалпы, Алматы қаласының аумағында Іле Алатауы ұлттық табиғи паркі (19 мың 803 га), Медеу табиғи паркі (708,2 га) және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар болып табылатын «Баум тоғайы» (137,7 га) бар.

Жуырда өрт қауіпсіздігі талаптарының бұзылуының алдын алу бойынша, мүдделі мемлекеттік органдарды тарта отырып, «Орман» профилактикалық іс-шарасы өткізілді. Оның шеңберінде ТЖД, ЖПҚ және орман шаруашылығының аумақтық инспекциясы қызметкерлерінің арасынан бірлескен мобильдік топтар құрылды.

«Мобильдік топтармен 62 рейд жүргізілді, 5 мыңнан астам жадынама табыс етілді, жалпы сомасы 1,4 млн теңгеден астам сомаға 27 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды», – дейді Алматы ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасы бастығының орынбасары Еркебұлан Жұматаев.

Рейдтік іс-шараларды жүргізу үшін тепловизорлармен және құлақтандыру жүйесімен жабдықталған пилотсыз ұшу аппараттары (дрондар), құлақтандыру құрылғысы, ат және жаяу патрульдер қолданылады.

«Өрт қауіптілігі жоғары кезеңде өртті сөндіруді қамтамасыз ету үшін Алмаарасан шатқалында өрт сөндіру қызметі механикаландырылған күзет ұйымдас-тырды. Сондай-ақ, орман-сайабақ және тау бөктеріндегі алаптарда жиынтық жасақ құрылды, жиынтық жасақ ретінде тәулік сайын жеке құрамның 13 адамы және 2 бірлік техника кезекшілікке алынады», – деді спикер.



Брифингке қатысқан Алматы қаласы ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бас маманы, азаматтық қорғау майоры Дарын Мұқанов табиғи өрттер көп жағдайда адами фактордан тұтанатынын атап өтті. Мәселен, олар отты тұтатқанда абайламайды немесе шашып, тастап кеткен тұрмыстық қоқыстары (әйнек бөтелкелері, әйнек сынықтары және т.б.) күн сәулесімен өздігінен жанып, арты өртке ұласады. Демалған жерімізде қалдырып кеткен темекі тұқылы да өзі құрғап, қуарып тұрған шөпті лап еткізуі мүмкін. Өрттен қорғау саласының мамандары тұрғындарды табиғат аясына демалысқа шыққанда мұқият болуға шақырып отыр.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді **aqshamnews.kz** сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 5 айға – 2680,60 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 5 айға – 3680,60 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 5 айға – 1680,60 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ҚАУЛЫ

16 шілде 2024 жылы №3/373-1248

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Алмалы ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 17 ақпандағы №22.1-22/206-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қолданыстағы тозығы жеткен құрылыстарды бұза отырып, №139 бөбекжайдың жаңа ғимаратын салу үшін «Winter Fantasy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Мақатаев көшесі, 99 мекенжайы бойынша орналасқан, кадастрлық нөмірі 20-314-015-079 (20-311-042-079), жалпы алаңы 0,4657 га-дан ауданы 0,1172 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.

3. Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамада белгіленген тәртіпте меншік иесін хабардар етсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін «Алматы қаласы Алмалы ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ.

ЕСКЕ АЛУ

2024 жылғы 14 маусымда тоқсан жасқа қараған шағында біздің әкеміз, үлкен отбасының иесі Бекболат Ақшалұлы Тұрысжанов қайтыс болды.

Ол Алматы облысында түрлі лауазымдар бойынша жұмыс істеп, үлкен жолдан өтті. Қазақ ауыл шаруашылығы институтын бітіргеннен соң еңбек жолын Алматы облысы Жамбыл ауданының «Новая жизнь» кеңшарында бас инженер болып бастады. Кейіннен Алматы облыстық комсомол комитетіне комсомолдық жұмысқа жіберілді. Алматы жоғары партия мектебін бітіргеннен соң Алматы облыстық партия комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімі менгерушісінің орынбасары болып жұмыс істеді. 1969 жылы Талғар аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, 1972 жылы Күрті аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, ал 1976 жылы Жамбыл аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды. 1984–1986 жылдары Алматы облыстық ауыл шаруашылығы техникасы басқармасының төрағасы қызметін атқарды және Алматы облысының ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары лауазымы бойынша зейнетке шықты. Қазақстан Компартиясының съездері мен Алматы облыстық халық депутаттары Кеңесінің депутаты болып сайланды. Алматы облысы мен Жамбыл және Күрті аудандарының Құрметті азаматы атағына ие болды. Ауыл шаруашылығын дамытудағы үлкен жетістіктері үшін Құрмет Белгісі ордені, екі Еңбек Қызыл Ту ордені және медалдармен, әрі Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Грамоталарымен марапатталған.

Біздің үлкен отбасы атынан қиын сәтте бізді қолдаған және қайғымызға ортақтасып көңіл айтқан барлық туған-туыстарымыз, достарымыз бен әріптестерімізге шынайы алғысымызды білдіреміз. Баршаңызға зор денсаулық пен амандық тілейміз.

ТҰРЫСЖАНОВТАР ОТБАСЫ.



КОНКУРС

«Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» КММ Қазақстан Республикасы, 050000Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Панфилов көшесі, 84/54, тел.: 271-82-21 мекенжайы бойынша орналасқан Алматы қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Метрополитен» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының директоры лауазымының бос орнына конкурс жариялайды

Негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы: Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсағы метрополитенді пайдалану (күтіп ұстау, дамыту), Алматы қаласы метрополитенінде жолаушылар мен багажды тасымалдау, метрополитенді пайдаланушы ұйымның функцияларын орындау, құрылысты ұйымдастыру, техникалық қадағалау және ҚР заңымен тыйым салынбаған метрополитен қызметінің өзге де түрлерін орындау болып табылады.

Конкурс қатысушыларына қойылатын талаптар:

- тиісті мамандығы және кәсіби даярлық деңгейі бойынша жоғары білім: көлік; көлік техникасы; көлік тоннельдері; көлікпен тасымалды ұйымдастыру және қозғалысты басқару; теміржол көлігімен тасымалды ұйымдастыру және қозғалысты басқару; теміржолдағы жылжымалы құраммен жұмыс; теміржолдағы жылжымалы құрамды пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету; теміржолдағы электр жүйелерін электрмен қамтамасыз ету, пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу; теміржолды салу, жол және жол шаруашылығы; азаматтық және өнеркәсіптік құрылыс; тау-кен жұмыстарын электрлендіру және автоматтандыру; маркшейдерлік іс; экономика; қаржы; есеп және аудит; құқықтану; мемлекеттік және жергілікті басқару.
- мамандығы бойынша экономика саласындағы кәсіпорынның профиліне сәйкес басшы лауазымдарда кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің болуы.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1. конкурсқа қатысу туралы өтініш;
2. мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған түйіндеме;
3. білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
4. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттар;
5. денсаулық жағдайы туралы анықтама(075/У нысаны);

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру туралы құжаттардың, ғылыми жарияланымдардың көшірмелері, сондай-ақ алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.б.) қосымша ақпарат бере алады.

Көрсетілген құжаттар хабарландыру жарияланған сәттен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде Алматы қаласы, Республика алаңы, 4, 542-каб. мекенжайы бойынша «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасына» ұсынылуы тиіс.

Анықтама алу телефондары: 225-12-68.

ХАБАРЛАНДЫРУ

RAMS QAZAQSTAN құрылыс компаниясы 2024 жылғы 24 шілде күні «Beyond Almaty» жобасын таныстыру бағдарламасы шеңберінде қоғамдық тыңдалым өтетіні жайында хабарлайды. **Іс-шара Rahat Palace Hotel** қонақүйінің «Алматы» конференц-залында: **Қаныш Сәтбаев көшесі, 29/6 мекенжайы бойынша өтеді.** **Басталуы: сағат 10.00-де.** **Іс-шараға қатысқысы келетін және мүдделі тұлғалардың барлығын жобаны таныстыру шеңберінде қоғамдық талқылауға қатысуға шақырамыз.**

КӨҢІЛ АЙТУ

Алмалы аудандық Ардагерлер кеңесі Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті Ардагерлер кеңесінің төрағасы

Әбдімәлік Райымқұлұлы РАЙЫМҚҰЛОВТЫҢ

қайтыс болуына байланысты туған-туысқандары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 707 862 30 08,
8 777 078 53 48
(Татьяна Титова, Логистика және өндіріс бөлімі) телефондары арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 10 260 дана (жұма)

Кезекші редактор – Құралай ЖҰМАДІЛОВА

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-Болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

АПТАБЫ МОЛ «САРША» АМАЛЫ

40 күндік шілде ширығу шағына осы кезде
қадам басады

Алматы күннен-күнге құбылып тұр. Түске дейін бір ауа райы, түстен кейін екінші ауа райы. Алматылықтар қай ақпараттың мәліметіне сенерін білмей дал.

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

16 шілдеде күн жадырап, төңірегіне арайын шашып шықты. Сәскеде аякасты қара бұлттар көк жүзін бүркеп, жаңбыр бір сеуіп өтті. Күн қайта ашылды. Түс ауа, екінтінің кезінде аспанға қара бұлттар қайта қаптап, алдымен жаңбыр сіркіреді, артынша күн күркіреді, найзағай ойнап, оған дауылды жел қосылып алай-дүлей басталды да кетті. Жарты сағаттай дүркіреген нөсер болды...

Күн қайта ашылды. Төңірек тып-тыныш. Тал бұтақтары сынбағандай, үйлердің шатыры ұшпағандай, көшеде тобықтан асатын жаңбыр суы (кей жерлерде одан да терен) толқындап ақпағандай...

Осы көрініс атақты Куандық (Шаңғытбаев) ақынның «Құлын» балладасын еске түсірді: аспанды жапқан көк-ала бас

көбік бұлттар соқтығысы, «тордағы мың арыстан ақырғандай» зор дауыс... Найзағайдың отынан мерт болған енесінің дертті желінін созғылап жатқан құлын... Сәлден соң аспан ашылып, бұлағай дауыл басылып төңірек қалпына түседі. Айнала түк болмағандай жадырап жатыр... Ақын балладасын былайша аяқтайды:

«Әй, Қуандық, бұ да саған бір ақыл,
Бар қызыққа бәйек болмай, тұра тұр.
Қарашы әне: аспанда – нұр, жерде – гүл,
Болмағандай түкте сұмдық сұрапыл»...

Шілде айының ауа райы ақын жырына ұқсап тұр. «Сарша» амалы басталды. Бүгін екінші күн. Қолданыстағы григориан күнтізбесі бойынша, жаз ортасынан ауды. Жасыл желек жамылған аймақ сарғыш түске енеді. Күннің күрт ысуы немесе нөсердің аптап ыстықпен кезектесіп толас таппауы бәрі осы амалдың әсері. Өткен пайымда бабалар болжамына сүйене отырып, «Үркер толғағы» амалы бітер кезде жел тұрып, күн күркіреп, өткінші жаңбыр жауатынын айтқанбыз. Солай болды да. Жаздың ортасында күн күркіреп, найзағай ойнап, екпіні қатты жел тұрды.

Шілде айы бітуге жақындағанымен, «Шілде» амалының аяқталуына әлі 15 күн бар. Аптапты күндердің Алматыда да көрініс беруі ғажап емес. 40 күндік шілде нағыз ширығу шағына енді қадам басты. Шілденің 20-жұлдызында Таразы («Нарық») жұлдызы туып, таң суый бастайды. Күйдіріп-жандырған шіліңгір

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ
Шілде айының соңғы он күніне
арналған жорамал:

- * Таңертең шөп басы құрғақ болса – түнде жаңбыр жауады.
- * Шық қалың түссе – аспан шайдай ашылады.
- * Таңертең өзен, көл суын тұман бауырласа – ауа райы жақсарады.
- * Көлмектен тұнба иіс мүңкісе, өткінші жауыннан кейін кемпіркөсақ солтүстіктен оңтүстікке тартылып, қанық қызыл түске боялса – жаңбыр жауады.

шілденің аптабы тоқтайтын кез де алыс емес. Онан кейін Сүмбіле туады, су суыйды. Тамыз айы келеді. Бұл айды бұрынғылар Сүмбіле деп атаған. Бұлай аталуы жылылық азайып, салқындық белең ала бастағанынан болуы керек. Қазір «Сарша» амалы жүріп жатыр. Айдың 25-іне дейін жалғасады. Амал кезінде «Шілде қауын» базарға салынады. Күн ысиды. Шілде айының үшінші он күнінде аптап басталады. Шіліңгір шілденің ең ыстық кезі осы уақытта орын алады.

Жерді шық басқан «жылауық» күндер туады. Бабалар пайымы осылай дейді. Бүгін григорианша, шілденің – 19-ы, ай күнтізбесі бойынша, – 13-і, ескі есепке сүйенсек, шілденің – 6-сы. Апта айдың басын және ортасын қамтып тұр. Бұл көрініс алдағы аптада күн ыстық қалпын сақтай отырып, нөсерлі жаңбырын тоқтатпайды деген сөз. Аспан ашылмайды: күн күркіреп, найзағай жарқылын, өкпек жел қарқынын тоқтатпайды.

ӘЛЕУЖЕЛІ ӘЛЕМІ

ПЕРЗЕНТХАНА
ҚЫЗЫҚТАРЫ

немесе өмірге сәби әкелу де өзгеше бір әлем

«МЕНІҢ КЕЗЕГІМ»

Айдананың толғақ қысқанына бір күннен асты. Әбден қиналып жылағанын көрген әпкесі Кәмшаттың та қоса жылағаны анық. Енді ше, адамнан адам шығу оңай ма?! Осы ретте эстрада жұлдызы Жазира Байырбекованың «инстапарақшасындағы» комменттердің есіме түсе кеткені.

Өнші ауылдағы үйінде қонақ күтіп жүріп, таңғы 4-те қазан толы палауын көтеріп бара жатқан жерінен толғағы қысып, перзентханадан бір-ақ шыққанын жазған екен. Бірақ жуық арада босана қоймайды. Ащы толғақ қысып барады дейді. Өзінен кейін түскен әйелдердің бәрі шетінен босанып жатқасын, әншінің жаны қиналғаны соншалық:

– Менің кезегім ғо-ой, – дейді жылам-сырап. Сонда дәрігер:

– Ақымақ, мұнда кезек күтпейді! – деп ұрысып тастаған екен.

Осы жазбаға пікір қалдырған әйелдердің оқиғалары да шетінен ерекше.

● Бір күн, бір түн толғатып, әбден шаршаған бір әйел:

– Сағат қанша болды? – деп сұрапты медбикеден. Сонда медбике:

– Немене, бір жаққа баратын ба едің? – деген екен.

● «Мен біріншімді 2006 жылы босандым. Креслода. Араға 9 жыл салып, екіншімді босануға келдім. Толғақ қысып, таңғы 6-да «родовыйға» кіріп келсем, доп, арқан, лестница тұр екен.

– Не, біз дене шынықтыру сабағына келдік пе? – деп сұрағаным бар».

● «Мен әйелім босанғанда, партнер болып жанында тұрдым. Айтары жоқ енді! 6 бала, 7 бала деп «Батыр ана» беріп жатады ғой, жалпы, әйелге әр бала үшін «Батыр» деп алқа тақса да артық емес!», – депті бір жігіт.

● «Толғатып жатырмын. Уақыт өтпейді. Көңілімді аулап, телефоннан тетрис ойнап жатырмын. Ішім бүріп ауырып кеткенде бүрісе қалып, басылғандай болса, қайтадан тетриске жабысам.

Күйеуім перзентханаға әкеп салды. Ол да ұйықтай алмай, түнде телевизорды қосып, «Бригада» сериалын көріп жатқан ғой,

Өмір болған соң, қызыққа да, шыжыққа да толы түрлі оқиғаның куәсі болып жатамыз. Соның ішінде әйел-аналар үшін өмірге бала әкелу де өзгеше бір әлем. Біз бүгін перзентхана қызықтары туралы айтсақ дейміз.



сондағы кейіпкер Белейдың әйелі босанып жатқанда менен де хабар түсіпті туды деген».

● «Нарық кезі. Көпбалалы отбасы. Қауын-қарбыз кессе, маған бір тілігі тиіп қалады әйтеуір. Бір күні көрші ауылға қайын әпкемдікіне баратын болдық күйеуім екеуміз. Жолдан қауын сатып тұрған апайды көріп, көз жайнап, екі қауынды бір-ақ сатып алдық. Арықтың түбіне отырдық та, пышақ та жоқ, жарып жіберіп, екеуміз маз болып талай нәрсені еске алып, әңгіме-дүкен құрып отырып тауысып қойдық. Сөйтіп жүргенде, автобусымыз кетіп қалыпты. Үйге қайтып келдік. Ал ішім ауырсын кеп. Күйеуім сөйлеп жүр, «әліңе қарамай қауынды өлгенше жеп» деп. Жас келінбіз, ішімнің ауырғанын білдірткім келмей, тістеніп жүрмін. Сонда оның толғақ екенін қайын әпкем айттып, перзентханаға жол тарттық қой».

● «Сәбиімді кеудеме қойған сәтте, жүзіне қарасам, жаңа туған шақалағым да көзін әре-е-ең ашқан күйі маған қарады.

– Мәссаған, мен баламды көзі ашық күйінде туыппын! – деп қуанғаным бар».

«ЖАЛАҢАЯҚ ШЫҚТЫМ»

Жас босанған сіңлімді перзентханадан сәбиімен бірге думандатып, сырнайлатып шығарып алдық. Есіктің әйнегіне «ешқандай думандатпайсыздар, тыныш қайтыңыздар» деген мағынада құлақтандыру іліп қойыпты. Оған қараған біз жоқ. Сіңлімнің кішкентай ұлы көліктен түсе салып перзентхана есігінің тұтқасын тартқылай бастап еді, арғы жақтан түсі суық медперсонал шыға келіп, «мұнда кірмейсің, әйтпесе укол салам» деп еді, жиенім құлдыраңдап алып, алды-артына қарамай зытты.

Бір қарасам, әйел заты емеспіз бе, сіңлімнің үстіндегі киімі көзіме біртүрлі көрінді. Сөйтсем, толғатып, босануға кетіп бара жатқанда, күйеуіне «осы көйлегімді әкелесің ғой» деп көрсетіп кеткенімен, үйде белдігі қалып қойған.

Сөйтіп әп-әдемі көйлегінің белін үй



халатының белдігімен байлап шығып тұрғаны екен.

Жалпы, ер адамдарға «мына пакетті әкелесің, ал мына пакеттегілерді мына кезде әкелесің» деп көздеріне көрсетіп тұрып түсіндіріп кетсең де бәрібір өзің ойлағандай болмай жатады. Сіз де перзентханадан шығар кезіңізде осы секілді қызықтар болды ма?

Қуаныш ӘБІЛДӘҚЫЗЫ:

– Айтпаңыз! Отағасыға карточкамды (босанғанға дейінгі денсаулығым туралы құжат-карта) әкеліп берші десем, банкомат-карточкаларымды беріп жіберген ғой. Дәрігерлердің давленииесі көтерілді ғой. «Апай, кешіріңіз, толқып жүрміз, бірінші баламыз болғасын» деп ақталып кеттім әлгі жерде.

Қайыргүл ДҮЗБАЕВА:

– Иә, өмір болғасын талай қызық өтеді ғой бастан. Мен қырық жасымда кенже қызымды дүниеге әкелгенде, жолдасым бізді шығарып алуға перзентханаға келгенде, екінші сыныпта оқитын ұлымның бір сыңар уғи (аяқкіім) мен өзімнің бір сыңар уғимді алып келіпті. Сөйтіп, ақсандап шыққаным бар. Күтіп тұрған бір топ жора-жолдас, ағайын-туыс үйге дейін әбден күліп келгенбіз. Сол Жансаям қазір он жаста.

Бақыт ҚАРАМАНҚЫЗЫ:

– Иә, бізде де бір қызық болған. Аяқкіімді әкелуді ұмытып, қақаған қыста үй төпішкесімен шыққанмын перзентханадан.

Жанат САРЖАНОВА:

– Босануға перзентханаға кетіп бара жатып, күйеуіме баланы орауға осы көрпені әкелесің деп жаңасын көрсетіп кетсем, кішкентай ескі көрпені әкеліп тұр ғой, «мен қайдан білейін» деп. Медбикелерден ұялғаным-ай!

P.S.

Екі жағдайда да ең бастысы – жүкті әйелдің аман-есен қол-аяғын бауырына алып, сәбиін құшақтап отбасына оралғаны! Ана да, бала да аман болғай!